# 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы ( үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың:

101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 101-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7 509 995 мың теңге (жеті миллиард бес жүз тоғыз миллион тоғыз жүз тоқсан бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 қаулысымен.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 маусымдағы Заңы ;»"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1627 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : орман және су шаруашылығы агроөнеркәсіп кешені саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : стратегиялық жоспарды қалыптастыру және жүзеге асыру, реттеуші салада мемлекеттік және басқа да бағдарламаларды, нормативті құқықтық актілерді, нормативтік және әдістемелік құжаттарды, құжаттардың түрлерін әзірлеу және бекіту; мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру; бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді құрудың негізін жасау; Қазақстан Республикасында азық-түліктік қауіпсіздікті және жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету; реттелетін салада мемлекеттік бақылауды, қадағалауды және басқаруды қамтамасыз ету, агроөнеркәсіп кешенін ақпараттық-кеңістік қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Агроөнеркәсіп кешені, орман және су шаруашылығы саласында нормативті құқықтық актілер әзірлеу; эпизоотикалық мониторингті, диагностиканы және ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыруды жүргізу; карантинге жатқызылған өнімге импорттық карантиндік рұқсаттар беру;<br><br>өсімдіктерді қорғау және карантин саласында мониторингті жүргізу және | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бақылау; Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен олардың реттелетін сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын тексеру мақсатында бақылау объекттеріне бару; ведомстволық бағынысты мекемелер мен ұйымдарды бақылауды жүзеге асыру. | | шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Өсімдіктерді қорғау және карантин бойынша мемлекеттік фитосанитариялық бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік ветеринариялық бақылауды жүзеге асыру; мемлекеттік тіркеуді, тракторларды техникалық тексеруді, емтихандарды қабылдауды және тракторларды басқару құқығына куәлік беруді жүргізу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 4 | | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Он тақырып бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу: 1) өсімдіктерді қорғау және карантин; 2) ветеринария; 3) техникалық инспекция; 4) тұқымдық және астық инспекциялау; 5) мал тұқымын асылдандыру ісі; 6) балық шаруашылығы; 7) орман шаруашылығы; 8) су шаруашылығы; 9) ауыл шаруашылығына ақпаратты-маркетингтік қызмет көрсету; 10) Қазақстан Республикасының заңнамасын, мемлекеттік басқару негізін қолдану. Мемлекеттік тілді оқыту. | Ақпан-қараша | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| | *алынып тасталды - 2007.07.13. N 597* | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | | | | | | |
| 6 | | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Уәкілетті органның агроөнеркәсіптік кешен, орман және су шаруашылығы саласында ары қарай қызмет істеуі үшін материалды-техникалық базамен қамтамасыз ету. | Ақпан - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 7 | | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | - ақпарат жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз ету және техникалық және технологиялық құралдармен қамтамасыз ету;<br>- Интернет желісіне ену қызметі;<br>- компьютер жабдықтарына және ұйымдастыру техникаларына техникалық қызмет көрсету;<br>- 1С:бухгалтерияны қолдау және пайдалану;<br>- "ЦИФС" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны бағдарламалық өнімдерін қолдау;<br>-материалдық-техникалық жарақтандыру. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: орман және су шаруашылығы агроөнеркәсіп кешені саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;
мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейді арттыру - 500 адам, оның ішінде аумақтық органдарда - 450 адам;
мемлекеттік тілді оқыту - 1000 адам, оның ішінде аумақтық органдарда - 900 адам.
Түпкі нәтиже: бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өндірісін жасау, еліміздің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
бір мемлекеттік қызметшінің біліктілігін арттыруға жұмсалатын орташа шығын - 25 734 теңге;
бір мемлекеттік қызметшіге мемлекеттік тілді оқытуға жұмсалатын орташа шығын - 38 598 теңге.
Уақтылығы: жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау және бекітілген келісім шарттарға сәйкес жыл бойы.

С а п а с ы :
- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелген мақсаттар мен міндеттерге жету үшін белгіленген мерзімді ескере отырып іс-шараларды толық көлемде 100% сапалы орындау;
- кәсіби мемлекеттік қызметтің талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін көтеру; мемлекеттік тілді оқыту курсын өткеннен кейін мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуге өтетін мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 12,7%; біліктілікті арттыру курстарын өткеннен кейін жоғарғы лауазымға тағайындалатын мемлекеттік қызметшілердің үлесі - 6,3%.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
102-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Жердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту"
деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 188398 мың теңге (бір жүз сексен сегіз миллион үш жүз тоқсан сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 95, 135-баптары ;»" Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйін жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : суармалы жерлерге және жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасы объектілеріне, жерді қалпына келтіру мен су ресурстарын басқару жобасына мониторинг, Қазақстан Республикасының суармалы жерлерінің мелиориативтік жай-күйін бағалау, гидромелиоративтік және су шаруашылығына бағытталған жобалау-іздестіру жұмыстарына әдістемелік және нормативтік құжаттарды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | | Кіші бағдарлама | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| N р /с | Бағдарлама коды | коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | Жердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту | | | |
| 2 | | 100 | Гидрогеология-мелиоративтік экспедициялар | Штаттық саны 92 адам болатын " Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемені мынадай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: 700 000 гектар суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу, оның ішінде Алматы облысында 662 000 гектар, Жамбыл облысында 38 000 гектар және жобаның объектілерінде 21332 гектар жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру, оның ішінде мынадай аймақтарда: Жетісу (бас) экспедициясында - 13 495 гектар; Солтүстік бөлімінде - 7 837 гектар; ыза сулардың деңгейдік-тұздық режиміне стационарлық гидрогеологиялық бақылаулар - 8 400 өлшеу; коллекторлық-дренаждық су ағымына гидрогеологиялық бақылау - 550 өлшеу; ұңғымаларды ағымдағы жөндеу - 490 ұңғыма; 7000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық анализдер - 5 000 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық материалдарын құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу. Негізгі құралдарды сатып алу: арнайы машина, арнайы автокөлік, бағдарламалық қамтамасыз ету, оргтехника, аспаптар мен жабдықтар. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Штаттық саны 85 адам болатын " Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедиция" мемлекеттік мекемені мынадай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: 618093 гектар суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу (оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында - 512500 гектар, Жамбыл облысында - 105593 гектар) және жобаның объектілерінде 9637 гектар жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру және 39300 гектар алаңда су ресурстарын басқару жобасы мен жерлерді қалпына келтіру; ыза сулардың деңгейдік-тұздық режиміне стационарлық гидрогеологиялық бақылаулар - 30472 өлшеу; коллекторлық-дренаждық су ағынына гидрогеологиялық бақылау - 2168 өлшеу; ұңғымаларды ағымдағы жөндеу - 155 ұңғыма; 20000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық анализдер - 7607 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық материалдарын құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу. Негізгі құралдарды сатып алу: арнайы автокөлік, аспаптар мен құралдар. Штаттық саны 50 адам болатын " Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы" мемлекеттік мекемені мынандай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: 300000 гектар суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу және жобаның объектілерінде 1034 гектар жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру; ыза сулардың деңгейдік-тұздық режиміне стационарлық | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | гидрогеологиялық бақылаулар - 10000 өлшеу; коллекторлық-дренаждық су ағымына гидрогеологиялық бақылау - 200 өлшеу; ұңғымаларды ағымдағы жөндеу - 143 ұңғыма; 2000 гектарға топырақтық-тұздық түсірімдер; лабораториялық анализдер - 3000 шартты бірлік; суармалы жерлердің есебі мен картографиялық материалдарын құрастыру; суармалы жерлерге кері әсер етуді жеңілдету жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеу. Негізгі құралдарды сатып алу: автокөлік, арнайы автокөлік, лабораториялық жабдықтар, жоғары жылдамдықты модем. | | |
| 3 | | 101 | "Қазагромелиосу шаруашылығы" республикалық әдістемелік орталығы | Штаттық саны 23 адам болатын Республикалық әдістемелік орталық "Қазагромелиосушар" мемлекеттік мекемесін мынандай жұмыстарды жүргізу үшін ұстау: - жобалау-іздестіру жұмыстарын республикалық бірыңғай нормативтік-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету және әзірлеу; - гидромелиоративтік және су шаруашылығына арналған жобаларды бірыңғай ақпараттық қамтамасыз етуді әзірлеу; - гидромелиоративті және су шаруашылығына арналған жобаларды сараптау және қорытындысын беру; - өңірлік жобалау-іздестіру кәсіпорындарының қызметтерін үйлестіруді жүзеге асыру; - су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерді қалпына келтіруге инвестиция тарту. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жалпы ауданы 1689396 гектар жерге жүргізілген іс шаралар кешенінің нәтижесінде суармалы жерлердің мелиоративтік жай-күйі туралы ақпарат алынды, инженерлік дайын суармалы жерлерге мелиоративтік іс-шаралардың орындалуы бойынша

мемлекеттік бақылау жүзеге асырылды, жердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту жөнінде нұсқаулар мен іс-шаралар әзірленді. Су объектілерін қорғау және пайдалану саласында жобалау-іздестіру жұмыстарына нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және бекіту жоспарлануда. Мемлекеттік мекемелер жарақтандырылатын болады: Жетісу гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: арнайы машина - 1 бірлік, арнайы автокөлік көлік - 2 бірлік, бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 жинақтама, оргтехника - 5 бірлік, аспаптар мен құралдар - 13 бірлік. Оңтүстік Қазақстан гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: арнайы автокөлік - 1 бірлік, аспаптар мен құралдар - 2 жинақтама.
Қызылорда гидрогеологиялық-мелиоративтік экспедициясы: автокөлік - 1 бірлік, арнайы автокөлік - 1 бірлік, лабораториялық жабдықтар - 1 бірлік, жоғары жылдамдықты модем - 2 бірлік.
Түпкі нәтиже: жерді, суармалы суды тиімді және ұтымды пайдалану, тұзданудың, сортаңдаудың, суландыру эрозиясы мен топырақ құнарлығының төмендеуінің алдын алу; жобалау-іздестіру жұмыстарын сапалы және тиімді орындау, келісілген нормалармен және ережелермен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір гектар суармалы жердің мелиоративтік жай-күйін бағалаудың орташа құны - 97,4 теңге/гектар. Бір нормативтік-әдістемелік құжаттың орташа құны - 0,5 млн. теңге (есеп материалдық-техникалық жарақтандыру шығындары есепке алмай жүргізілген).
Уақтылығы: белгіленген мерзімде орындалған іс-шаралардың нәтижесін ұсыну.
Сапасы: жерді пайдалану коэффициентінің жыл сайынғы ұлғаюымен инженерлік дайын жерлерді тиімді пайдалану.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
103-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Өсімдіктерді қорғау"
деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3095812 мың теңге (үш миллиард тоқсан бес миллион сегіз жүз он екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 3 шілдедегі Заңының 20-бабы ; " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ;»"Карантиндік

объектілер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысы ;» "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 19 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикада қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : 1) республика аумағында фитосанитариялық ахуалға жүйелі түрде бақылау жүргізу;
2) ағымдағы жылы аса қауіпті зиянды организмдердің жаппай дамуы мен таралуының ошақтарын толық анықтау;
3) ауыл шаруашылығы дақылдары мен алқаптарындағы ерекше қауіпті зиянды организмдердің санын қауіпсіз (ЗЭШ - зияндылықтың экономикалық шегінен төмен) деңгейге дейін төмендету;
4) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ерекше қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мейлінше анық болжамдарымен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Өсімдіктерді қорғау | | | |
| 2 | | 100 | Аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы күрес жүргізу | Кемінде 3,5 млн. га аланда химиялық өңдеуді қамтамасыз ететін, республикада қолдану үшін тіркелген пестицидтер сатып алу, оның ішінде пестицидтердің | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | запасын сатып алу. Пестицидтерді арнайы автокөлікпен белгіленген жерге, оның ішінде пестицидтердің запасын да жеткізу. Сатып алынатын пестицидтерді тиісті жағдайда, оның ішінде пестицидтердің запасын сақтау. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеде анықталған зиянкестер мен ауруларға қарсы шамамен 2,9 - 3,1 млн. га аланда биологиялық тиімділігі 80-85% болатын химиялық өңдеулер жүргізу. | | шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 101 | Фитосанитариялық диагностика және болжамдау республикалық әдістемелік орталығы | 943 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау. Шамамен 86,6 млн. га аланда ауыл шаруашылығы дақылдарының ерекше қауіпті зиянды организмдерінің қоныстануына (залалдануына); 4,6 млн. га аланда зиянды организмдерінің пайда болуына, дамуына және таралуына; 1,7 млн. га аланда ауыл шаруашылығы өсімдіктері ауруларының пайда болуына, дамуына және таралуына; 2,0 млн. га аланда арам шөптердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде зерттеу жүргізу. 2007 жылдың есебін және 2008 жылы Қазақстан Республикасы аумағына ерекше қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына болжам жасау. Автокөлік құралдарын, лабораториялық жабдықтарды, ұйымдастыру техникасын, кеңселік жиһаз, автометеокешен сатып алу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 86,6 млн. га аланда ерекше қауіпті зиянды организмдердің жаппай дамуы мен таралу ошақтарын анықтау.
8,3 млн. га аланда зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде зерттеу жүргізу;
Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығын:

13 бірлік автокөлік құралдарымен, лабораториялық құралдармен: микроскоп бинокуляр - 13 бірлік, лабораториялық центрифуга - 13 бірлік, оргтехникамен: компьютерлер - 39 бірлік, басқа да жабдықтармен: кеңселік жиһаздар - 13 жинақтама, автометеокешені - 13 бірлік жарақтандыру.
2,9 - 3,1 млн. га аланда ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеу. кемінде 412 мың га аспанға аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы пестицидтер қорын толықтыру.
Түпкі нәтиже: ерекше қауіпті зиянды организмдердің қоныстанғаны анықталған алаңдармен салыстырғандағы химиялық өңдеулермен қамту алаңдарының пайызы: ерекше қауіпті зиянкестер бойынша - 100%; бидайдың аурулары (тат және септориоз) бойынша - 40,3%.
2,9 - 3,1 млн. га аланда ауыл шаруашылығы дақылдарының ерекше қауіпті зиянды организмдерінің санын қауіпсіз (ЗЭШ - зияндылықтың экономикалық шегінен төмен) деңгейге дейін азайту;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ерекше қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мейлінше анық болжамдарымен қамтамасыз ету.
2008 жылға арналған қажетті қор көлемінің кемінде 54 % көлемінде аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы пестицидтер қорын құру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің пайда болуына, дамуына және таралуына жүйелі түрде бақылау және зертеу жүргізудің 1 га жалпы шығыны - 5,88 теңге;
ауыл шаруашылығы дақылдарының және алқаптардың 1 га ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы іс-шаралар жүргізуге жалпы шығыны - 1000 теңге.
Уақтылығы: ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы оңтайлы мерзімде жүргізілген химиялық өңдеулердің пайызы - 100%.
Сапасы: ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы жүргізілген химиялық өңдеулердің уақтылығы мен сапасына қанағаттанған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің пайызы - 80% жоғары.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N № 1220 қаулысына
104-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Өсімдіктер карантині"

деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 838596 мың теңге (сегіз жүз отыз сегіз миллион бес жүз тоқсан алты мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 18-бабы ;»" Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ;»"Карантиндік объектілер және ерекше қауіпті зиянды организмдер тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1295 қаулысы ;» "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мемлекеттік мекемелерін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қаңтардағы N 19 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы аумағын карантиндік объектілерден қорғау жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы N 773 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы аумағында карантиндік объектілердің таралуының алдын алу мен оған жол бермеу және қолайлы фитосанитарлық ахуалды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : карантиндік объектілердің бар ошақтарын анықтау, оқшаулау, жою, олардың бұдан әрі таралуының алдын алу және оны болдырмау, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің түрлік құрамын айқындау, себілетін және отырғызылатын материалдағы жасырын залалдануды анықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | бағдарламаның ) атауы | | | Жауапты орындаушылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 004 | | Өсімдіктер карантині | | | |
| 2 | | 100 | Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік мекемелер | Республикалық карантиндік зертхана : 35 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау; карантинге жатқызылған өнімге және үлгілерге зертханалық фитосанитарлық сараптама жүргізу, оның ішінде биологиялық объектілердің болуын анықтау және олардың түрлік құрамын айқындау; ұйымдастыру техникасын, лабораториялық приборлар мен құрал-жабдықтарды сатып алу; Республикалық жеміс-жидек дақылдардың интродукциялық-карантиндік питомнигі: 12 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау; жеміс-жидек дақылдарындағы зиянкестерді, өсімдік ауруларын және арамшөптерді анықтауға сараптамалар мен талдау жүргізу, өсімдіктердің жетілу кезеңінде ( қалемшелер, көшеттер, тұқымдар, түйнек, жуашық, тамыртүйнек, жеміс үлгілері) карантинге жатқызылған материалды зерттеу; жеміс-жидек және басқа да дақылдардың тірі өсімдіктерін өсіру, тексеріліп жатқан карантинге жатқызылған материалдарды күту жөніндегі агротехникалық іс-шаралар жүргізу; карантиндік тексеру аяқталғаннан кейін отырғызу, егу немесе тұқымдық сау материал шығару; ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу. Республикалық дәнді дақылдардың интродукциялық-карантиндік питомнигі: 18 штат бірлігі бар мемлекеттік мекемені ұстау; дәнді, дәнді-бұршақты дақылдардың, жүгерінің және басқа да дақылдардың келіп түскен | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | импорттық сорт үлгілерінің карантиндік объектілермен жасырын залалдануына сараптамалар мен талдау жүргізу; дәнді, дәнді бұршақты, жүгері және басқа дақылдардың импорттық сорт үлгілерін өсіру және сараптама; карантиндік тексеру аяқталғаннан кейін сау тұқым материалын шығару ; ұйымдастыру техникасын, ауыл шаруашылығы техникасын, зертханалық құрал-жабдықтарын сатып алу. | | шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 101 | Карантиндік зиянкестердің, өсімдік ауруларының және арамшөптердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау және жою | Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған тізбе бойынша объектілердің таралу ошақтарын айқындау, оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, соның ішінде: - карантиндік объектілердің болуына 3000 - 3200 мың гектар аумағында зерттеулер жүргізу; - химиялық препараттар сатып алу: карантиндік зиянкестерге қарсы күрес жүргізу үшін, оның ішінде запасты жаңарту және толықтыру үшін инсектицидтер; карантиндік арамшөптерге қарсы күрес жүргізу үшін, оның ішінде запасты жаңарту және толықтыру үшін 165 - 210 мың гектар алаңға гербицидтер; - химиялық препараттарды, оның ішінде запасты сақтау; - химиялық препараттарды, оның ішінде запасты белгіленген жерге жеткізу; - 195,0 - 220,0 мың гектар алаңда карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық күрес. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 3000,0 - 3200,0 мың гектар алаңда және 100 кәсіпорындарда карантиндік зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің таралу ошақтарын айқындау;
195 - 220,0 мың гектар алаңда анықталған карантиндік зиянкестердің, өсімдік аурулары мен арамшөптердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою;
карантиндік объектілердің бар болуына жүргізілген шамамен 35 мың лабораториялық сараптама нәтижесінде деректер алу;
Республикалық карантиндік зертхананы, 7 бірлік оргтехникамен, 27 бірлік зертханалық

приборлармен және құрал-жабдықтармен жарақтау;
шамамен 240 сорт үлгілеріне және 4000 дана әртүрлі жеміс-жидек дақылдарының және басқа дақылдардың өсірілген тірі өсімдіктеріне жүргізілген зерттеулер кезінде деректер алу;
Республикалық жеміс-жидек дақылдардың интродукциялық-карантиндік питомнигін ауыл шаруашылығы техникасымен жарақтау (бауға арналған фреза - 1 бірлік);
дәнді дақылдардың өсу кезеңінде карантинге жатқызылған материалдың шамамен 70 сорт үлгілеріне жүргізілген зерттеулер кезінде деректер алу;
Республикалық дәнді дақылдарын интродукциялық-карантиндік питомнигін 2 бірлік ұйымдастыру техникасымен, 4 бірлік ауыл шаруашылығы техникасымен, 5 бірлік зертханалық жабдықтармен жарақтау.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасы аумағына карантиндік объектілердің таралуын алдын алу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл шаруашылығы дақылдары мен 1 гектар егістік жердегі карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық күрес жүргізу іс-шараларына жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 3131,3 теңгені құрайды;
ауыл шаруашылығы дақылдары мен 1 гектар егістік жердегі карантиндік зиянкестер мен арамшөптердің ошақтарын анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізуге жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 39,5 теңгені құрайды;
1 кәсіпорынды зерттеуге жұмсалатын жалпы шығындар шамамен 16192,0 теңгені құрайды;
карантиндік объектілердің бар болуына 1 зертханалық сараптама жүргізуге жұмсалатын жалпы шығын 631 теңгені құрайды;
дәнді дақылдардың өсу кезеңінде карантиндік материалдың 1 сорт үлгісіне зерттеу жүргізуге жалпы шығын 141,9 теңгені құрайды;
1 сорт үлгісіне және 1 дана жеміс-жидектер және басқа дақылдардың өсірілген тірі өсімдіктеріне зерттеу жүргізуге жұмсалатын жалпы шығын 914 теңгені құрайды.
Уақтылығы: ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы оңтайлы мерзімдерде жүргізілген химиялық өңдеу - 100%.
Сапасы: карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық өңдеулердің уақтылы және сапалы жүргізілуімен қанағаттанған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер - 90% астам.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
105-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Тұқымдық және көшет материалының сорттық және себу сапаларын анықтау" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 177840 мың теңге (бір жүз жетпіс жеті миллион сегіз жүз қырық мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 11-бабы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 454 бұйрығымен бекітілген Сорттық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру ережесі (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелді 2004 жылғы 22 қыркүйекте N 3082).

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өнімділігін арттыру, өсімдік шаруашылығы өнімнің сапасын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : бүкіл алқапқа егілу сапасы тексерілген тұқымдар себуді қамтамасыз ету, барлық отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілер, мемлекеттік сортсынау учаскелері мен станциялар, мемлекеттік тұқым ресурстары үшін ауыл шаруашылығы өсімдік тұқымының сапасына дер кезінде және білікті сараптама жүргізу, олардың қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сәйкестігін айқындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Тұқымдық және көшет материалының сорттық және себу сапаларын анықтау | Тиісті мемлекеттік стандарттармен көзделген барлық сапа көрсеткіштері бойынша (өнгіштігі немесе өмірге бейімділігі), ылғалдылығы, 1000 дәннің салмағы, тазалығы, зиянкестермен жайлануы, аурулармен дерттенуі) отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, элиталық және бірегей тұқым, бірінші , екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілер, мемлекеттік сортсынау учаскелері мен станциялар, мемлекеттік тұқым ресурстары үшін ауыл шаруашылығы дақылдары тұқымының сорттық және егістік сапасына 255,0 мың зерттеу жүргізу | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 2,0-2,1 миллион тонна көлемінде тұқымдық және көшет материалының сорттық және егу жағдайының шынайы нәтижелерін алу.
Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер пайдаланатын ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сапасын 100% дейін тексеруді қамтамасыз ету, кондициялы тұқымдармен себуді (90% тәртіппен) жүзеге асыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: тұқым сапасын сараптау бойынша 1 зерттеудің құны 697,4 теңгені құрайды.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде орындау, ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымының сапасын дер кезінде сараптау: жазғы дақылдарды - көктемгі егіске дейін, ал күздік дақылдарды - күзгі егіске дейін.
Сапасы: егілетін тұқымдардың сапасының жақсару нәтижесінде, кондициялы тұқымдардың үлесі тәртіппен 90% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
106-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау"
деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1569080 мың теңге (бір миллиард бес жүз алпыс тоғыз миллион сексен мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004

жылғы 10 наурыздағы Заңының 9 және 12-баптары ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 9 , 11-баптары ;»"Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысы ; " Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды қолдауға арналған бюджет қаражатын басқару үшін агентті айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 997 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралардың бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ; "Өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыруды қолдау үшін бөлінетін қаржыны игерудегі кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 карашадағы N 1133 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеру және қолдау; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу салаларын дамытуды ынталандыру және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу жөніндегі отандық кәсіпорындар өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру; өнімнің табиғаттың қолайсыз әсерінен толық немесе ішінара жойылуына әкелетін сақтандыру төлемдерін төлеудің кепілдігін арттыру арқылы өсімдік шаруашылығы өнімін өндірушілердің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін және қайта өңделген өнімнің ішкі және сыртқы рынокта бәсекелестігін арттыру мақсатында, халықаралық стандарттар базасында кәсіпорынның агроөнеркәсіп кешенінің салаларына өнімнің қауіпсіздігі және сапа менеджменті жүйесіне жедел көшуіне жәрдем беру .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : лизинг алушылар төлейтін және кейіннен республикалық бюджетке қайтарылатын сыйақы бөлігінің сомасына ауыл шаруашылығы техникасы лизингісінің шығыстарын арзандату; ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындардың лизингісіне берілетін құрал-жабдықтың құнын Кредиттік келісім бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің тиісті сыйақы (мүдде) сомасына арзандату; міндетті сақтандырушыға төленген сақтандыру төлемінің бөлігін өтеу жолымен өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау; өндірістік мақсаттар үшін айналымдағы қаражатты толықтыруға

екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындары төлейтін төлемдердің сомасын ішінара арзандату; сапа менеджменті жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификаттау және халықаралық стандарттар базасында өнім қауіпсіздігі бойынша агроөнеркәсіптік кешен салалары кәсіпорындарының шығындарын арзандату жолымен ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін және рыногын басқару жүйесін дамытуға жәрдемдесу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдау | | | |
| 2 | | 103 | Ауыл шаруашылығы техникасының қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысымен бекітілген Лизингтік негізде 2003 жылы ауыл шаруашылық техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесінде айқындалған тәртіпте қарыз алушыға сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу. | Желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының Министрлігі |
| 3 | | 105 | Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға арналған жабдықтардың қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу | "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит кәсіпорындарға берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысымен бекіткен Лизингтік негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды жабдықтармен қамтамасыз етуге кредит беру және сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу ережесіне сәйкес қарызгер-банктерге сыйақы (мүдде) ставкасын өтеу. | Қараша - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының Министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі |
| 4 | | 106 | Өсімдік шаруашылығындағы | Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | | | сақтандыруды қолдау | қолайсыз табиғат құбылыстардан мемлекеттік қолдау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіпте қаражат бөлу. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды мемлекеттік қолдау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіпте бюджет қаражаттарын басқару үшін агент қызметтерін төлеу. | | А у ы л шаруашылығының Министрлігі |
| 5 | | 107 | Екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы мүдде ставкасын субсидиялау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналымды қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялау ережесіне сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үшін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттері бойынша банктік сыйақыны ішінара өтеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығының Министрлігі |
| 6 | | 111 | Ауылшаруашылық өнімдері өндірісі жүйесін дамытуды субсидиялау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Субсидиялау ережесіне сәйкес Агроөнеркәсіптік кешен базасында кәсіпорындар салаларының халықаралық стандарттар сапа менеджментін әзірлеу, енгізу және сертификаттау жүйесі қызметі құнының (50 % дейін) ішінара өтеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы А у ы л шаруашылығының Министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
1. ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша шығыстарды 158 194,0 мың теңгеге арзандату.
2. технологиялық құрал-жабдықтар лизингі бойынша шығыстарды 10 886,0 мың теңгеге арзандату.
3. сақтандырушылар (ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер) алдындағы сақтандыру жағдайлары бойынша өзінің міндеттемелерін жүзеге асыратын сақтандыру компанияларының сақтандыру төлемдері кепілділігінің 50% қамтамасыз ету;

- 2007 жылы сақтандыру төлемдерін алған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің күтілетін саны 500-1000 ауылшаруашылық құрамын құрайды.
4. ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының айналым қаражатын толықтыруға беретін банктік кредиттер бойынша қызмет көрсету шығындарын төмендету.
5. агроөнеркәсіп кешендері салаларының 45-55 кәсіпорындарына халықаралық стандарттар негізінде өнім қауіпсіздігін және сапа менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу және сертификациялау; өнім сапасы және қауіпсіздігі менеджменті жүйесін енгізу өнім қауіпсіздігіне сын қауіпті және өнім тұтынушыға қатер тигізбейтініне кепілдік болатын өндірістің процестері мен жағдайларының сатыларына назар аударуға мүмкіндік береді ; ДСҰ-на елдің кіруі кезінде отандық кәсіпорындардың жұмыс істеуі және тиімділігінің сапалы жаңа кезеңіне шығу, олардың өту бойынша процесін тездету, ауылшаруашылық шикізатты өндіру және қайта өңдеу өнімі сапасын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Түпкілікті нәтиже:
1. лизинг негізінде алынатын ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық құрал-жабдықтарды арзандату есебінен ауыл шаруашылығы өндірушілердің және қайта өңдейтін кәсіпорындардың табыстылығын арттыру;
2. ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін шикізаттарды өндіру мен сатып алуды дамыту; отандық өндірілген ауыл шаруашылығы шикізаттарының қайта өңдеу үлесін көбейту, шығарылатын өнімдердің түрлерін кеңейту; ішкі рынокты ауыл шаруашылығы шикізаттарынан қайта өңделген жоғары сапалы өнімдермен қанықтыру, ішкі рыноктан импортты біртіндеп ығыстыру; еліміздің ДСҰ кіруде отандық кәсіпорындардың тиімділігін және әрекет ету деңгейін жаңа сапаға шығару және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
3. ауыл шаруашылығы дақылдары егістерінің 100% сақтандырылумен қамтылуы және осы негізде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің екінші деңгейдегі банктердің кредиттік ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету.
4. ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін шикізаттарды өндіру мен сатып алуды дамыту; отандық өндірілген ауыл шаруашылығы шикізаттарының қайта өңдеу үлесін көбейту, шығарылатын өнімдердің түрлерін кеңейту; ішкі рынокты ауыл шаруашылығы шикізаттарынан қайта өңделген жоғары сапалы өнімдермен қанықтыру, қайта өңдеуші салалардың өнімдерінің жекелеген түрлері импортын ығыстыру; ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуші кәсіпорындардың айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттер бойынша екінші деңгейлі банктерге төленетін төлемдердің сомасын төмендету жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың табыстылығын арттыру.
5. агроөнеркәсіп кешені саласындағы отандық кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеті мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу, ішкі және сыртқы рыноктарда өткізу рыногы үшін бәсекелестік күреске қатысу, экспорттық әлеуетін, өнімдер

сапасын арттыру; азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бюджетке түсетін салықты және жұмыс орнын көбейту (әлеуметтік салық, жеке тұлғадан алынатын салық және т.б .); өнімнің»"өмірлік циклы" кезеңіндегі шикізатты және ауыл шаруашылығы өнімінің жоғары сапасын қалыптастыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

1. ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі қаражаттарын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің сыйақы ставкасын өтеу сомасына арттыру;
2. технологиялық құрал-жабдықтар лизингіне төлем сомасын төмендету арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші кәсіпорындардың табыстылығын арттыру;
3. болжаммен 2007 жылы өсімдік шаруашылығын бір реттік сақтандыру төлемдер мөлшері - 819-1639 мың теңге.
4. айналым қаражатын толықтыруға беретін банктік кредиттер бойынша қызмет көрсету және технологиялық жабдықтардың лизингтік төлем сомаларын арзаңдатумен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының пайдасын жоғарылату, өндірісті жетілдіру және өнімді өндіру үшін кәсіпорындардың айналым қаражаттарын босату, халықаралық деңгейде стандартталған, сенімділігі мен қауіпсіздігі талаптарға сай, рынокта барынша талап етілетін және тұтынушылар сенімімен қолданатын.
5. нарықта талабы үлкен және тұтынушылардың сенімінен шыққан, қауіпсіздік және сенімділік талабына сәйкес, халықаралық деңгейге стандартталған өнім өндіру үшін, сапа менеджменті жүйесін сертификациялау және енгізу, әзірлеу бойынша агроөнеркәсіп кешені саласындағы кәсіпорындардың шығынын 50% төмендету жолымен ауыл шаруашылығы өнімін өндіру бойынша кәсіпорындардың өндірістік емес шығындарын кеміту күтілетін ауыл шаруашылығы отандық шикізат өнімін өңдеудің бәсекелестігін арттыру.

Уақтылығы: көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.

Сапасы:

1. сыйақы ставкасын өтеу есебінен қайта өңдеуші кәсіпорындардың технологиялық құрал-жабдықтарын жаңарту үшін қажетті кредиттік ресурстарға қол жетімдігін арттыру.
2. сыйақы ставкасын өтеу есебінен аграрлық сектордың машина-тракторлық паркін жаңартуға қажетті қаржылық қызметтердің қолайлығын арттыру; импорт алмастыратын және экспортқа бағытталған ауыл шаруашылығы шикізаттарын қайта өңдеу өнімдерінің өндіріс кезеңдерін жетілдіру және дамыту, өндіру мен бағаларды төмендету есебінен оның бәсекеге қабілеттігін арттыру.
3. Агроөнеркәсіптік кешен салаларының өнімдерін өндіру мәдениетін көтеру, өнімнің сапасын арттыру, еліміздің ДСҰ кіру аясында отандық кәсіпорындардың тиімділігі.
3. сақтандыру қызметтерінің нарығын тұрғызу және дамыту, өсімдік шаруашылығы өнімін өз тұқымынан өсіру кепілділігін арттыру.
4. ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді сақтандыруды жүз пайыздық қамту және

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің екінші деңгейлі банктердің кредиттік ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету.
5. агроөнеркәсіптік кешен салаларының өндірістік мәдениетін арттыру, еліміздің ДСҰ-ға кіру кезіндегі 40-55 отандық кәсіпорындары өнімдерінің сапасы мен тиімділігін жақсарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
107-ҚОСЫМША

*Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
007 "Ауыл шаруашылығы саласындағы білім беру объектілерін дамыту" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 274 675 мың теңге (екі жүз жетпіс төрт миллион алты жүз жетпіс бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңы ;»"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жекелеген мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 300 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : инженерлік сала мамандарын, магистранттар, аспиранттар және докторанттарды дайындау сапасын жоғарлату; студенттерді сапалы оқыту, әлемдік талаптарға сай ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін қазіргі заманғы оқу-ғылыми және инновациялық инфрақұрылымдарды (

агроөнеркәсіптік кешен саласында оқу-ғылыми орталықтар құру) қалыптастыру; ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу үшін ауыл шаруашылығы техникаларының, машиналардың эксперименталды үлгілерін жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : агроөнеркәсіптік кешеннің жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарын даярлау үшін жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті техникалық факультетінің оқу корпусын салу. | "С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің техника факультетінің оқу корпусын салу" жобасын заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жобалы-сметалы құжаттамаға сәйкес алу (Мемлекеттік сараптама 4 қазан 2006 жыл N 2-524/06); С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің жатақханасын салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу (06.09.2006 ж. N 2-480/06 мемлекеттік сараптама); С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің студенттік жатақханасын салуға жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама жүргізу | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының Министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің техника факультетінің оқу корпусы құрылысының құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу. С. Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің жатақханасын салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және сараптама жүргізу. Түпкі нәтиже: 570 студенттерді оқыту үшін кестеге сәйкес С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің техника факультетінің оқу корпусының 5 қабатты ғимараты құрылысының белгілі циклдің құрылыс-монтажды жұмыстарын жүргізуді аяқтау.
С.Сейфуллин атындағы Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің

жатақханасын салуға әзірленген және белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық құжаттама.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 2009 жылда күтіледі.
Уақтылығы: жұмыс кестесінің жоспарына сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
108-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Мемлекеттік мекемелердің инфрақұрылымын дамыту"
деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 57057 мың теңге (елу жеті миллион елу жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 34-бабы ;»Қазақстан Республикасының "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1692 қаулысы ; "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысы ;»"2005-2007 жылдарға арналған Жасыл Ел бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың инфрақұрылымын дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың инспекторлық құрамына кордондар салу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 008 | | Мемлекеттік мекемелердің инфрақұрылымын дамыту | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәйкес сома шегінде инвестициялық жобаларды іске асыру: Алакөл мемлекеттік табиғи қорығы үшін кордондар салу (27.08.2004 жылғы N 20-275/2004 МС және 27.08.2004 жылғы N 20-276/2004 МС); Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы үшін кордондар салу (14.04.2005 жылғы№ 15-108/05 МС); Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне кордондар салу (06.05.2005 жылғы N 12-75/05 МС). | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының Министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Алакөл мемлекеттік табиғи қорығына - 2 бірлік кордон, Үстірт мемлекеттік табиғи қорығына - 3 бірлік кордон, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне - 5 бірлік кордон салынатын болады.
Түпкі нәтиже: мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау және қалпына келтіру.
Уақтылығы: ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жағдайын материалдық-техникалық базасын бекіту және инфрақұрылымын дамыту нәтижесінде жақсарту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың дамуын қамтамасыз ету.
Сапасы: генетикалық резервтің табиғи эталон, уникум және көнезамандық түрлері ретінде ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылықтарға ие мемлекеттік қорғауға алынған мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтаудың тиімділігі мен сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
109-ҚОСЫМША

*Ескерту. 109-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.06.18. N* 506 *(ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2007.06.30. N* 560 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 19988355 мың теңге (он тоғыз миллиард тоғыз жүз сексен сегіз миллион үш жүз елу бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 135-бабы ;»"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 15-бабы ;»"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 10-бабы ; "Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 3 , 9 және 11-баптары ;»"Мақта саласын дамыту туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 11-бабы ; "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы ; "Тоқыма өнеркәсібі»пилоттық кластерін дамытудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 858 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті атқарушы органдары арқылы мемлекеттік қолдауды іске асыру жолымен отандық тауар өндірушілердің өндірген мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімінің сапасын, бәсекеге қабілеттілігін, өнімділігін, пайдалылығын және тиімділігін көтеру, республиканың суармалы жерлерін сумен қамтамасыз етуді арттыру, суармалы жерлердегі ауыл шаруашылығы өндірісінің пайдалылығын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : тұқым шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің өнімділігін және өсімдік шаруашылығында өндірілетін өнімінің сапасын көтеру, бірінші ұрпақты будан мен элиталық тұқымды толық қажеттілікте өсіру үшін қажетті бірегей тұқымды санында және ассортиментте өндіру есебінен ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің гендік қорын сақтап қалу;
отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің асыл тұқымды өнімге қол жеткізуін қамтамасыз ету жолымен ауыл шаруашылығы малдарының гендік қорын дамыту және сақтап қалу және мал шаруашылығы мен құс шаруашылығының тұқымдық базасын қалпына келтіру;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге дизель отынының, тыңайтқыштардың ( органикалықтардан өзге) тұқым улағыштардың және гербицидтердің құнын арзандату;
ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді суармалы сумен қамтамасыз ету;
жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуді және өсіруді қамтамасыз ету, сондай-ақ отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау;
құрама жемнің құнын арзандату арқылы мал шаруашылығы өнімінің өндірісін ұлғайту және бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру;
қазақстандық мақта талшығының сапасын міндетті түрде бума бойынша сараптамадан өткізуді енгізу, мақта талшығының сапасын сараптамадан өткізуге бағытталған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шығынының құнын өтеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыл шаруашылығын дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | | | |
| 2 | | 100 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне | Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен субсидиялау жолымен облыстық бюджеттерге тұқым | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға ағымдағы нысаналы трансферттер | шаруашылығын дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер, оның ішінде: бірегей тұқымдарын және жеміс дақылдарының көшеттерімен қоса өндіруге жіберілген шығындарды (40%-ға дейін) өтеу; жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға, жеміс дақылдарының аласа діңді телітушілерінің жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің аналықтарының салынған алқаптарының аяқталмаған өндірісіне қызмет көрсетуге кететін шығындарды (100%) толық өтеу; отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылған элиталық тұқымның құнын (40%-ға дейін) арзандату; аналық жеміс дақылдарының көп жылдық екпелерін отырғызуға кететін шығындарды (100 %) толық өтеу (Сиверс алманың өскін сорты және кәдімгі өрік). | | шаруашылығы министрлігі, облыс әкімдері |
| 3 | | 101 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметімен белгіленген тәртіппен субсидиялау үшін облыстық бюджеттерге асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға ағымдағы нысаналы трансферттер, оған қоса: отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сатылатын асыл тұқымды өнімнің (материалдың): асыл тұқымды төлдердің 11000 - 13000 тонна тірідей салмағын, асыл тұқымды жұмыртқаның 5500,0 - 7500,0 мың данасын, бұқалар ұрықтарының 900 - 1100 мың дозасының құнын жартылай (50%-ға дейін) арзандату; мал тұқымының асылдандыру орталығына 20 бас асыл тұқымды бұқаларды сатып алу мен 130 - 140 бас | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | малды күтіп ұстау және олардың ұрықтары мен эмбриондарын алу, сақтау, пайдалануға кеткен шығындарды толық өтеу; мал тұқымын асылдандыру орталығына 50 бас асыл тұқымды қошқарларды сатып алу және 140 - 160 бас қошқарларды күтіп ұстау, олардың ұрықтарын алу, сақтау, пайдалануға кеткен шығындарды толық өтеу; етті құс өсіру жөніндегі асыл тұқымды шаруашылығына 11000 - 12000 бас асыл тұқымды балапандарды сатып алу және 21000 - 23000 бас асыл тұқымды құсты күтіп ұстауға кеткен шығындарды толық өтеу; асылдандыру ісін дамыту үшін сатып алынатын арнайы технологиялық, лабораториялық құрал-жабдықтар, арнайы ауыл шаруашылығы және ұйымдастыру техникасының құнын өтеу. | | министрлігі, облыс әкімдері |
| 4 | | 104 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауар материалдық құндылықтарының құнын арзандатуға және өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығын және сапасын арттыруға берілетін | Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіппен басымды дақылдар бойынша 2007 жылғы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің тыңайтқыштарды (органикалықтардан өзге), тұқым улағыштарды және гербицидтерді, сондай-ақ дизель отынын сатып алуға кеткен шығындарын ішінара өтеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ағымдағы нысаналы трансферттер | | | министрлігі, облыс Әкімдері |
| 5 | | 105 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне су жеткізіп беру бойынша қызмет құнын субсидиялауға ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау. | Сәуір -желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл министрлігі , облыс Әкімдері |
| 5-1 | | 106 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюд- жеттеріне жеміс дақыл- дарының және жү- зімнің көп жыл- дық екпе ағаштарын егуді және өсіруді қамтама- сыз етуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республика- сының Үкіметі белгілеген тәртіппен 450-550 гектар алаңға жеміс ағаштарын және 650-750 гектар алаңға жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуге және өсіруге жіберген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер- дің шығындарын ішінара ( 40%) өтеу | Қаңтар- желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашы- лығы министрлігі, облыстардың әкімдері |
| 6 | | 107 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен мал шаруашылығының, дәлірек айтқанда ірі қара шаруашылығының, шошқа шаруашылығының және құс шаруашылығының өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау, оның ішінде:<br>- сиыр, шошқа және құс етін өндіруде, мамандандырылған кәсіпорындар мен шаруашылықтардың | Наурыз - желтоқсан | Қазақстан Республикасының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ағымдағы нысаналы трансферттер | пайдаланған 180-250 мың тонна құрама жемнің құнын ( 45% дейін) арзандату. | | Ауыл министрлігі , облыс Әкімдері |
| 7 | | 108 | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне қазақстандық мақта талшығының сапасын сараптауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері | шамамен 300 мың сынама мақта талшығы сапасын сараптамадан өткізуге ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің (мақта иелерінің) жіберген шығындарын толық өтеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тұқым шаруашылығын дамытуды қолдау:

Тікелей нәтиже: кейіннен элиталық тұқымды өндіруді қажетті көлемде қамтамасыз ету үшін 6000-8000 тонна дәнді, дәнді бұршақты, майлы және көкөніс дақылдарының, күріштің, қант қызылшасының, жүгерінің, картоптың, біржылдық және көпжылдық шөптердің, мақтаның бірегей тұқымдарын өндіруге жіберілген шығындардың орнын толтыру; жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерінің аналықтарын 17,2 га алқапқа салуды және 7,5 га алқапта жеміс дақылдарының аласа діңді телітушілерінің аналығының және жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің аналықтары алқаптарының аяқталмаған өндірісін ұстауды қолдауды қамтамасыз ету; 52000-56000 тонна дәнді, дәнді бұршақты, майлы және көкөніс дақылдарының, күріштің, қант қызылшасының, жүгерінің, картоптың, мақтаның, біржылдық және көпжылдық шөптердің элиталық тұқымдарының және 90000-110000 дана жеміс дақылдары көшеттерінің құнын арзандату арқылы отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің элиталық және будандық тұқымдарға қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Түпкі нәтиже: егісте жоғарғы репродукциялы тұқымды пайдаланудың үлестік салмағының 85%-ға дейін, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелер аналықтарын салу алқабының 25 гектарға дейін артуы.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: аттестатталған тұқым шаруашылығы субъектілерінің айналым қаражаты 996 253 мың теңгеге көбейеді, арзандатылған тұқымның орташа құны: дәнді-дақылдар шамамен 19800 теңгені, картоп - 46 000 теңгені және мақта - 50 000 теңгені құрайды.

Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде орындау.

Сапасы: себілетін тұқымның сапасы жақсарады, сапалы тұқымның үлесі 90% құрайды.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту:
Тікелей нәтиже:
- сатылатын асыл тұқымды төлдің саны: ірі қара малдың - 10 600 - 12 600 бас, қой - 141 500 - 145 000 бас, жылқы - 2 990 - 3 500 бас, шошқа - 7000 - 9 000 бас, түйе - 1600 - 2 100 бас, түйе құс - 2 000 - 2 500 бас; асыл тұқымды жұмыртқа - 5 500 - 7 500 мың дана; жоғары өнімді бұқалардың ұрығы - 900 - 1 100 мың доза;
- мал және құс шаруашылығының асыл тұқымдық базасын қалпына келтіру мақсатында 70 бас отандық және шет елдік-селекциядан алынған аталықтар, сондай-ақ шет елдік селекциялық - 150 дана эмбриондар мен 5 811 доза бұқалардың ұрығы, 11 000 - 12 000 бас шет елдік селекциялық асыл тұқымды құстар сатып алынады;
- асылдандыру ісі үшін 97 данаға арнайы технологиялық жабдықтар және арнайы ауыл шаруашылығы және ұйымдастыру техникасы сатып алынады;
- асыл тұқымды мал шаруашылығының әрбір субъектісіне орташа есеппен 5 000,0 мың теңгеден астам қаржылай көмек көрсетіледі.
Түпкі нәтиже:
- отандық тауар өндірушілерге сатылатын асыл тұқымды төлдердің есебінен жыл сайын 30-40 асыл тұқымды шаруашылықтар қалыптасады;
- сиырлар мен қашарларды қолдан ұрықтандыру бекеттерін қалпына келтіру және жаңадан салу (100-ге жуық) есебінен олардың саны көбейеді, бұл қолдан ұрықтандырылған аналықтардың санын 470,0 мың басқа жеткізуге мүмкіншілік тудырады, қолдан ұрықтандыру әдісімен қамту 35%-ға жетеді;
- қолдан ұрықтандыру үшін жоғары класcты аталық бұқалардың ұрығын пайдалану малдың өнімділігін 10-12%-ға арттыруға мүмкіншілік береді және сәйкесінше мал шаруашылығы өнімінің өндірісі 6-8%-ға ұлғаяды;
- аудандастырылған бағалы тұқымның гендік қорын дамыту және сақтап қалу: болжам бойынша асыл тұқымды мал басының өсуі 10-15% (қойлар 20% жоғары);
- құрылып жатқан асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілерінде 350-500-дей жұмыс орындары ашылады;
- келешекте екі отандық салт мініс жылқы тұқымдары шығарылады.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: асыл тұқымды мал шаруашылықтарының қаржылай-экономикалық жағдайлары жоғарылайды, сатқан ірі қара мал, жылқы, түйенің әр басынан 15-18 мың теңге, қойдан - 3,5 - 5 мың теңге, шошқадан - 5 - 6 мың теңге табыс түседі.
Уақтылығы: берілген бағдарламада көзделген іс-шаралар көрсетілген мерзімде орындалады.
Сапасы: ауыл шаруашылығы малдарының өнімдік және тұқымдық сапалары жоғарылайды, асыл тұқымды малдың жалпы мал санынан үлесі 10% дейін болады, бірінші және элита класcты асыл тұқымды малдың үлесі 30%-дан жоғары болады.

Қазіргі уақытта республикада кейбір асыл тұқымды шаруашылықтарда малдың сүт өнімділігінің деңгейі 6000,0 кг-нан асып, еуропа елдерінің деңгейіне жетті.
Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағар май және басқа да тауарлы материалдық құндылықтардың бағасын төмендетуге, өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын көтеруге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер:
Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің 14 -16 миллион гектар аумақта басымды дақылдар бойынша көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын, тыңайтқыштарды (органикалықтардан өзге), тұқым улағыштарды және гербицидтерді сатып алу бағасын төмендету.
Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттігін, азық-түлік қауіпсіздігін және өндірістің агротехнологиялық айналымын қамтамасыз ету; республиканың экспорттық әлеуетін және ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: отандық ауылшаруашылығы өнімін өндірушілері көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын, тыңайтқыштарды (органикалықтардан өзге), тұқым улағыштарды және гербицидтерді сатып алу шығынын өтеу орта шамамен 15-17% құрайды.
Уақтылығы: бағдарламада көрсетілген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы: тұқым улағыштарды, тыңайтқыштарды гербицидтерді қолдану нәтижесінде өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру, сонымен қатар көктемгі - дала және күзгі егін жинау жұмыстарын уақтылы өтуін қамтамасыз ету.
Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау:
Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 8 545,378 миллион куб суармалы су беру жөніндегі қызметтердің құнын арзандату.
Түпкі нәтиже: суармалы жерлердің тиімділігін және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: суармалы судың бір текше метрінің накты құны ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау ережесіне сәйкес анықталады.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындау.
Сапасы: суарылатын жерді сумен қамтамасыз етудегі үлесі 90% кем болмауы.
Жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын егуді және өсіруді қамтамасыз ету:
Тікелей нәтиже: жеміс дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпе ағаштарын тиісінше 450-550 гектар және 650-750 гектар алқапқа егу.
Түпкі нәтиже: жеміс шаруашылығының және жүзім шаруашылығының дамуын

қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: көп жылдық екпе ағаштарын егуге кететін шығындардың 40%-ын субсидиялау 1 гектарға кететін шығынды тиісінше 402,7 мың теңгеге және 855,8 мың теңгеге азайтуға мүмкіндік береді.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімдерде орындау.
Сапасы: республика тұрғындарын жеміс шаруашылығының және жүзім шаруашылығының сапалы өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ жеміс дақылдары мен жүзім өнімдерінің сапасын және ассортиментін жақсарту есебінен отандық жеміс дақылдары мен жүзімді қайта өңдеу өнімдерінің бәсеке қабілеттілігін көтеру.
Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын көтеруді субсидиялау: Тікелей нәтиже:
- сиыр етін өндірудің жалпы көлемі 348,3-тен 385,0 мың тоннаға дейін, шошқа еті - 196,5-тен 228,0-ге дейін, құс еті 45,7-ден 87,9 мың тоннаға дейін ұлғайтылуы;
- сиыр етінің, шошқа етінің және құс етінің импорттық үлесі 20,0 - 25,0-ға азайтылуы;
- ішкі нарықтың жоғары сапалы отандық өндірістен алынған сиыр етімен, шошқа етімен және құс етімен толықтырылуы.
Түпкі нәтиже:
- отандық ірі мамандандырылған кәсіпорындар мен шаруашылықтардың ет сатуды ұлғайтуы: сиыр етін - 11,2-тен 18,6 мың тоннаға дейін, шошқа етін - 8,0-ден 12,0 мың тоннаға дейін, құс етін - 30,2-тен 60,0 мың тоннаға дейін, немесе 2005 жылмен салыстырғанда, ретінше 18,6%-ға, 66,6%-ға және 100,3%-ға көтеруі.
Уақтылығы: осы кіші бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар белгіленген уақытта орындалады.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: құрама жемнің құнын арзандату арқылы сиыр етінің, шошқа етінің және құс етінің отандық өндірісін ынталандыру және ішкі нарықтағы импорттық ет өнімінің үлесін азайту жөніндегі шараларды дер кезінде жүргізудің нәтижесінде отандық мамандандырылған кәсіпорындар мен шаруашылықтардың сатқан етінің өзіндік құны 25,0% - 30,0%-ға төмендейді, соған байланысты 1 кг еттің сатылу бағасы 20,0% - 25,0%-ға төмендейді.
Сапасы: ішкі нарықта отандық өндірістен алынған еттің бәсекелеске қабілеттілігі оның сапасының мал мен құсты азықтандыру, күтіп бағу және бордақылау жағдайын жақсартуға байланысты жоғарылауының арқасында арта түседі. Тұтынушы отандық жоғары сапалы сиыр етін, шошқа етін және құс етін арзандау бағамен сатып ала алады.
Қазақстанның мақта талшығының сапасын сараптамадан өткізуге:
Тікелей нәтиже: республикада өндірілетін мақта талшығының сапасын халықаралық стандарттар бойынша шамамен 300 мың сынама сараптамадан объективті түрде бума бойынша өткізуді қамтамасыз ету.
Түпкі нәтиже: мақта талшығын тиімді кешенді түрде талдау;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүдделерін қорғау, олардың табыстарын өсіру;
одан әрі экспортқа шығару үшін өсірілген мақтаға оңтайлы баға;
"әділетті" бағаны белгілеу есебінен мақта саласының табысын және бюджетке салықтық түсімдерді арттыру;
қазақстандық тоқыма өндірісінің беделін арттыру және тоқыма өнімдерін әлемдік нарыққа шығару;
мақтаның шынайы сапасы туралы нақты ақпарат;
бүкіл әлем бойынша өлшемнің сәйкестілігіне, дәлдігіне және тұрақтылығына кепіл беретін халықаралық стандарттарға сәйкес мақта талшығының сапасын бағалау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің табысын 5%-ға дейін арттыру;
мақта талшығын экспортқа шығарған жағдайда 7,0-8,4 млн. АҚШ долларына ысырапты төмендету.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы: мақта талшығының сапасын сараптамадан өткізу бойынша халықаралық талаптарға сәйкес қызметтер көрсету;
қазақстандық мақта талшығын кешенді, объективті және тәуелсіз талдауды қамтамасыз ету;
қажетті сапа көрсеткіштерімен талшық бумасын дәл таңдап алу есебінен тоқыма фабрикалары өндіретін тауарлардың сапасын арттыру;
көрсетілген бағдарламаға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бөгетсіз қатысуы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
110-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер"
деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 1122233 мың теңге (бір миллиард бір жүз жиырма екі миллион екі жүз отыз үш мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 135-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жеткілікті көлемде, сапалы ауыз суына тұрғындардың қолын жеткізуді қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын, аса маңызды сумен жабдықтау топтық жүйелерінен ауыз су беруде көрсетілген қызметтердің құнын арзандату.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіпте Көкшетау өнеркәсіптік су құбыры, Орда, Каменск, Булаев, Есіл, Сергеев, Соколов, Преснов, Арыс, Шәуілдір, Сарыағаш, Жиделі, Октябрь, Арал-Сарыбұлақ, Қазба-Ақшымырау-Қызан, Атырау-Мақат топтық су құбырлары бойынша және Қаныш Сәтпаев атындағы канал бойынша ауыз су беру жөніндегі көрсетілген қызметтердің құнын субсидиялаудың дифференцияланған мөлшері бойынша арзандату. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: субсидиялаудың дифференцияланған мөлшерлері бойынша саны жағынан 267 және 34697,487 мың текше метр көлемдегі елді мекенді қамти отырып, ауыз суды үздіксіз беру.
Түпкі нәтиже: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы ауыл және қала тұрғындарын қажетті көлемде сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету (қолайлы баға

б о й ы н ш а ) .
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыз судың бір текше метрінің нақты құны төмендейді, 2007 жылдың орташа арзандатылған тарифі орта есеппен 32,34 теңге/м $^3$ құрайды.
Уақтылығы: ауыз су беруде қызметтердің құнын су беру кестесіне сәйкес субсидиялау.
Сапасы: Қазақстан Республикасының 10 облысының тұрғындары үшін ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын арзандату, республикалық топтық сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз сумен қамтамасыз етілу пайызы 5% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 111-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Ветеринарлық лабораториялар объектілерін дамыту" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 450400 мың теңге (төрт жүз елу миллион төрт жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 8 , 11, 12, 20, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 35-баптары ;»Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы ;«"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ветеринариялық лабораториялар мен объектілерді салу, қайта жаңғырту, ветеринариялық лабораторияларды

материалды-техникалық жарақтандыру және ветеринариялық лабораториялардағы ветеринариялық мамандарды халықаралық нормалар, стандарттар мен ұсыныстар талаптарына сәйкес қайта дайындау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ветеринариялық лабораториялар мен объектілерді салу, қайта жаңғырту, ветеринариялық лабораторияларды материалды-техникалық жарақтандыру және білікті мамандарды дайындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Ветеринарлық лабораториялар объектілерін дамыту | Жобалау-смета құжаттамалар әзірлеу және оның:<br>- "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесінде биоқойма салу;<br>- "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекеменің ғимараттарын және қосалқы үй-жайларын қайта жаңғырту;<br>- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бір типті модульдік облыстық ветеринариялық зертханаларын салу;<br>- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бір типті модульдік аудандық ветеринариялық зертханаларын салу бойынша мемлекеттік сараптамаларын жүргізу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.15.* N 1086 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: "Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесінде биоқойма салуға, ғимаратын және қосалқы үй-жайларды қайта жаңғыртуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Республикалық ветеринариялық зертхана" Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 11 бір типті модульдік облыстық ветеринариялық зертханаларда жануарларға арналған 11 үй-жайларымен салуға және 115 бір типті модульдік аудандық ветеринариялық зертханаларды 26 үй-жайларымен салуға жобалау-смета құжаттамалар әзірленетін болады.
Түпкі нәтиже: жобалау-смета құжаттамаларын және оның мемлекеттік сараптамасын толық әзірлеу.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: Қазақстан Республикасында ветеринариялық лабораториялардың ғимараттары мен құрылыстарын халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестендірудің бірінші кезеңін іске асыру.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы: республикадағы ветеринариялық лабораториялардың ғимараттары мен құрылыстарының халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес болуы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.15.* N 1086 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
112-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең)"
деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 137 931 мың теңге (бір жүз отыз жеті миллион тоғыз жүз отыз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы»Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең) жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 195 Жарлығы ;»"Арал өңірінің

проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қыркүйектегі N 915 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесін алу (САРАТС-2).

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жобаны әлеуметтік бағалауды жүргізу, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу үшін жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалауды жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау (2-кезең) | | | |
| 2 | | 006 | Жобаны республикалық бюджеттен грантты бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | "САРАТС-2" жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге келісім-шарттардың жартылай құнын төлеу. Жобаны әлеуметтік бағалауды жүргізу. Жобаның қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалауды жүргізу; Сатылып алынатын ұйымдастыру техникасы бойынша келісім-шарттар құнының бір бөлігін төлеу. Консультациялық қызметтер мен оргтехниканы сатып алудың келісім-шарттары бойынша салықты және баж салығын төлеу. Операциялық шығындарды қоса 2 адамнан тұратын жобаны басқару бойынша жергілікті консультанттардың қызметін төлеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | жөніндегі комитеті |
| 3 | | 018 | Жобаның грант есебінен іске асыру | "САРАТС-2" жобасының 2-кезеңінің техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге консультациялық қызметтердің ақысын төлеу. Әлеуметтік бағалауды және қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалауды жүргізу. "Жергілікті 2 консультант үшін ұйымдастыру техникасын сатып алу | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: бір техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу.
Түпкі нәтиже: САРАТС 2-кезең»кең ауқымды жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін алу (жобаның соңында).
Қаржылық-экономикалық нәтиже: Арал өңіріндегі 600 мың адамның тұрмысын жақсартуға 1 техникалық-экономикалық негіздемесін алу.
Уақтылығы: жұмысты 75 пайыз орындау.
Сапасы: техникалық-экономикалық негіздемеге оң қорытынды алу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
113-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 131268 мың теңге (бір жүз отыз бір миллион екі жүз алпыс сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 3-бабы ;»"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық

аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңы ;»Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Селекциялық жетістіктерді сынау және қорғау республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 ақпандағы N 204 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 наурыздағы N 214 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Республикамыздың ауыл шаруашылығы өндірісіне ауыл шаруашылығы өсімдіктердің отандық және шетел селекциясының жаңа жоғары өнімді сорттарын енгізу. Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егіске Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тұқымын пайдалануы.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : өнімді және сапасы жөнінен бағалы сорттарды анықтау, селекциялық жетістіктің патенттік қабілеті мен шаруашылықтық пайдалылығы шарттарына сәйкестігі туралы қорытынды беру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынақтан өткізу | Мемлекеттік мекемені ұстау: Қазақстан Республикасында пайдалануға жіберілген селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген сапасы жағынан өнімді сорттарды енгізу мақсатымен 6550 сорт сынау өткізумен 115 ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша сапалы және өнімді сорттарды | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | анықтау үшін 16000 гектар алаңда агротехникалық іс-шаралардың кешенін орындау жолымен ауыл шаруашылығы дақылдарының патенттік қабілеті мен шаруашылық пайдалылығына мемлекеттік сорт сынауды жүргізу үшін штат саны 37 адамнан тұратын "Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі мемлекеттік комиссияны", штат саны 212 адамнан тұратын ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі 12 облыстық және 3 өңірлік инспектураны. Автомашиналар, астық жинайтын комбайн, шынжыр табанды және дөңгелекті тракторлар, кеңселік жиһаздар, ұйымдастыру техникасын және лабораториялық құрал-жабдықтар сатып алу. | | шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік тізіліміне анықталған сапасы жағынан ең өнімді сорттарды енгізу мақсатымен 115 ауыл шаруашылық дақылдары бойынша барлығы 890 сорт сынақтан өтеді.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау жөніндегі Мемлекеттік комиссияны, өңірлік және облыстық инспектураларды жарақтандыру: автомашина - 2 бірлік, астық жинаушы комбайн - 1 бірлік, шынжыр табанды трактор - 1 бірлік, дөңгелекті трактор - 1 бірлік, лабораториялық құрал-жабдық - 11 бірлік, ұйымдастыру техникасы - 12 бірлік, кеңсе жиһазы - 16 бірлік.

Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау нәтижелері бойынша 45-50 сорт өндіріске жіберіледі және республика облыстарында аудандастырылады.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл шаруашылығы дақылдарының 1 сорттық тәжірибесіне жұмсалатын жалпы шығындар 20 041 теңгені құрайды.

Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау.

Сапасы: Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің Мемлекеттік тізіліміне енгізілген ауыл шаруашылық дақылдарының сорттарын пайдаланудың меншікті салмағы кемінде 85% құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына

113-1-ҚОСЫМША

**212-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі

2007 жылға арналған

014 "Жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 9 560 мың теңге (тоғыз миллион бес жүз алпыс мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативті-құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы "Жерді суару және дренаж жүйелерін жетілдіру" жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 2 тамыздағы N 804 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы 2006 жылғы 2 тамыздағы N TF054 598 грант туралы келісім.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі:** республикалық бюджеттің қаражаттары.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаттары:** ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің экономикалық және қаржылық орнықтылығын арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** "Жерді суару және дренаждық жүйелерді жетілдіру" жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуді аяқтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N п/п | Бағдарлама коды | Бағдарлама тармағының коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның атауы) | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар | Жүзеге асыру мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Жерді суару және дренаждық жүйелерді жетілдіру | | | |
| 2 | | 018 | Грант есебінен | а) техника-лық-экономи-калық негіз-деме әзірлеу жөніндегі консультация-лық қызмет- терді сатып алу.<br>б) екінші деңгейлі банктердің комиссиялық алымды төлеу. | шілде-желтоқсан<br>шілде-желтоқсан | Қазақстан Республика - сы Ауыл шаруашылығы министрлі- гінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** тікелей нәтиже: жобаның әзірленген техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша барлық оң сараптамаларды алу;

түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің экономикалық және қаржылық орнықтылығын арттыру;

қаржылық-экономикалық нәтиже: ТЭН-ге енгізілген жобалық жердің әрбір 1000 мың теңгеге шығуы кемінде 2500 га;

уақтылығы: жоспарланған жұмыстың 100%;

сапасы:»"Жерді суландыру және дренаждық жүйелерді жетілдіру" жобасының екінші фазасының техникалық-экономикалық негіздемесін ескертулерін ескере отырып пысықтау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N№1220 қаулысына 114-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіп ағындыларын тазарту" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2130 мың теңге (екі миллион бір жүз отыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : **»** "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы»Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту» жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 8 қаңтардағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жер асты суларының сапасын жақсарту бойынша шаралар жүргізу, Ертіс өзеніне улы металдардың түсуін болдырмау және Астана, Қарағанды, Өскемен, Павлодар қалалары тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жер асты суларының ластану деңгейін бағалау және олардың таралу жерлерін анықтау, сондай-ақ жер асты суларының қозғалысына болжам жасау бойынша іс-шараларды анықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 015 | | Өскемен қаласында жер асты суларын қорғау және өнеркәсіп ағындыларын тазарту | | | |
| 2 | | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | Жоба щеңберінде аудит жүргізу қызметін төлеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы а у ы л шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жоба шеңберінде жүргізілген операциялар бойынша аудиторлық тексеру жүргізу. Түпкі нәтиже: есептеме кезеңінің аудиторлық есебі. Қаржылық-экономикалық нәтиже: аудиторлық қызметтің құны - 2 130 мың теңге. Уақтылығы: қызмет ұсынудың кестеге сәйкестігі. Сапасы: грант қаражатын мақсатсыз және тиімсіз пайдалануды болдырмау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 115-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 130299 мың теңге (бір жүз отыз миллион екі жүз тоқсан тоғыз мың теңге) .

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылдағы 14 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Қарыз туралы Келісім (Ауыл шаруашылығын екінші жекешелендіруден кейінгі қолдау жобасы) жасау туралы" Қазақстан Республикасының

Үкіметінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 255 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : фермерлердің, ауылдық шағын және орта кәсіпорындардың, қаржылық қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық қаржылық консультациялық қызметке қол жеткізетін ауылдық аудандар тұрғындарының пайызын барынша арттыру ; ауыл жайында ауылдық аудандағы азаматтардың барлығын сапалы консультациямен қамтамасыз ету; лизингтік компаниялар мен екінші деңгейлі банктерде оқылатын кредиттік офицерлердің пайызын барынша ұлғайту; ауылдық қаржылық консультациялық қызмет жүйесін дамыту; ауыл шаруашылығын кредиттеу тәуекелділігін кеміту; коммерциялық банктер мен лизингтік компаниялардың ұзақ мерзімді ауыл шаруашылық инвестицияларын бағалау жөніндегі функционалдық мүмкіндіктерін нығайту; микроқаржылық ұйымдарды институционалды дамыту, жаңа микроқаржылық нәтижелерді дамыту, микроқаржылық ұйымдардың коммерциялық банктермен қарым-қатынастарын нығайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау | | | |
| 2 | | 016 | Жобаны республикалық бюджеттенсыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Ауылдық қаржылық консультациялық қызметтер желісін құру жөніндегі құрамдас бөлік шеңберінде техникалық көмек көрсету және консуль-танттарды облыстық және аудандық деңгейде оқытуды жүргізу үшін консалтинг компания-ның, 3 шетелдік және 3 жергілікті жеке консультанттың және аудармашының консуль-тациялық қызметтерін сатып алу. Ауылдық инвестициялық жоба-ларға кредит беру мәселелері бойынша | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі |

2-деңгейдегі банктердің облыстық және аудандық филиалдарының және лизингтік компаниялардың кредиттік қызметкерлеріне техникалық көмек көрсету және оларды оқыту үшін консалтингтік компанияның және халықаралық тәжірибесі бар 2 консультанттың қызметтерін сатып алу. Микроқаржыландыру құрамдас бөлігі шеңберінде іріктеп алынатын микроқаржы мекемелерінің функционалдық мүмкіндіктерін арттыру жөнінде техникалық көмек көрсету үшін Қазақстан микроқаржы ұйымдары қауымдастығының және халықаралық тәжірибесі бар консультанттардың консультациялық қызметтерін сатып алу. Операциялық шығыстарға (жалақы және әлеуметтік аударымдар, кеңсе және басқа да тауарларды сатып алу, байланыс, Internet қызметтеріне, көлік қызметтеріне ақы төлеу, Астана қаласында үй-жайды жалға алу, іссапар шығыстары, ұйымдастыру техникасына қызмет көрсету) ақы төлеуді қоса алғанда, саны 5 адам жобаны іске асыру тобы консультанттарының қызметтеріне ақы төлеу. Жобаны іске асыру тобының 5 консультанты үшін кеңсе жиһазы мен ұйымдастыру техника-

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сының 5 жиынтығын сатып алу (5 компьютер, 5 принтер, 1 көп функциялы ксерокс-сканер, 1 факсимильді аппарат, 1 ноутбук, 5 үздіксіз қоректендіру көзі, 1 түрлі-түсті лазерлі принтер). Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жөнінде конкурстар өткізу туралы хабарландыруларға ақы төлеу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жобамен қамтылған облыста, өз кезегінде аудандық деңгейдегі 600 консультантты оқытқан 60 оқытушы-жаттықтырушылар; өсімдік шаруашылығында сақтандыру мен тауар биржалары жөніндегі нормативтік-құқықтық базасын талдау; жергілікті консалтингтік компания мен халықаралық жеке консультанттар оқытқан жобаға қатысушы банктер мен лизингтік компаниялардың кредит беру бөлімдерінің 280 қызметкері; ауылда жұмыс істейтін микроқаржылық ұйымдардың әлеуметтік мүмкіндіктері зерттеледі және талдау негізінде кейінгі жылдары жобаны іске асыру кезінде микроқаржыландыру үшін қаржы ресурстарын беру және олардың мамандарын оқыту үшін микроқаржылық ұйымдар іріктеп алынады.

Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, ауылдық жердегі бизнес өкілдерінің бизнес-жоспар жасау, кредиттік құжаттарды рәсімдеу бойынша мүмкіндіктері ұлғаяды; микроқаржылық ұйымдардың функционалдық мүмкіндіктері нығайтылады; банктердің аграрлық секторға сенімдері молайып және ауыл бизнесіне несие ресурстарының келуі артады.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: консультанттар тобының, халықаралық және жергілікті консультанттардың қызметін сатып алуға байланысты шығындар инвестициялық жобалар бойынша бекітілген лимиттерден аспайды. Қысқа мерзімді жергілікті консультанттың 1 адам-ай қызмет көрсетуі 234 мың теңгеден аспайды, халықаралық консультанттың - 3334,5 мың теңге.

Уақтылығы: бағдарлама бойынша іс-шаралар осы бағдарлама паспортында көзделген мерзімдерде орындалады.

Сапасы: Ауылдық қаржылық консультациялық қызметке қанағаттанған фермерлер санының артуы, ауылда микроқаржы мекемелері мен екінші деңгейдегі банктердің

қызмет көрсету сапасы артады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 116-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 017 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 12 739 138 мың теңге (он екі миллиард жеті жүз отыз тоғыз миллион бір жүз отыз сегіз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ; "2002-2010 жылдарға арналған»"Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 93 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** ауылдық елді мекендерді, қалалар мен кіші қалаларды қажетті көлемде және сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауылдық елді мекендерді, қалалар мен кіші қалаларды қажетті көлемде және сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 017 | | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы | "2007 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы N 1204 қаулысының 3 қосымшасына сәйкес, тізбе бойынша және сомалар шегінде ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және қайта жаңғыртуға бағытталған инвестициялық жобаларды іске асыру жолымен облыс бюджеттерге, Астана мен Алматы қалаларының бюджеттеріне сумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін трансферттер, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына сәйкес бекітілген, мемлекеттік сараптамадан өткен, бекітілген жобалау-смета құжаттамаларға сәйкес іс-шараларға 2002-2010 жылдарға арналған»"Ауыз су" бағдарламасы шеңберінде 2 398 328 мың теңге, Қазақстан Республикасының 2004-2010 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде - 10 340 810 мың теңге. | | министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ауыз сумен жабдықтау объектілерін қайта жаңғырту және салу бойынша жұмыс көлемінің орындалуы.
Түпкі нәтиже: Қазақстан халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету үшін ауыз сумен жабдықтау объектілерін пайдалануға енгізу.
Уақтылығы: жасалынған шарттар бойынша жұмыс жоспары-кестесіне сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
117-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Жұқпалы аурулардан сақтануды қамтамасыз ету" деген 018 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5746698 мың теңге (бес миллиард жеті жүз қырық алты миллион алты жүз тоқсан сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 8 , 11, 12, 20, 24, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 35-баптары ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 9 , 13-баптары ;»"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық бағыныстағы жекелеген ұйымдардың мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1431 қаулысы ;»"Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 сәуірдегі N 407 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан азаматтарын және жануарлар әлемін адамдар, жануарлар және құстар үшін ортақ аурулардан диагностика жасау, алдын алу және жою іс-шараларын жүргізу арқылы қорғау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикада жануарлар мен құстардың жұқпалы ауруларының таралуына жол бермеу; ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллез және/немесе туберкулезінен қолайсыз пункттерді сауықтыру; жануарлар мен құстардың тез тарайтын жұқпалы ауруларының ошақтарын оқшаулау және жою; шекаралас мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына жануарлар мен құстардың тез тарайтын жұқпалы аурулары енуіне тосқауыл қою; уақтылы диагноз қою .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның ( кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Жауапты орындаушылар |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | Жұқпалы аурулардан сақтануды қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ветеринариядағы мониторинг, референция, зертханалық диагностика және әдіснама ұлттық орталығы | Мына жұмыстарды орындау мақсатында штат саны 84 адамдық мемлекеттік мекеме ұстау:<br>- жануарлардың ауруларына диагноз қоюды әдістемелік қамтамасыз ету;<br>- жабайы фаунаның эпизоотиялық мониторингін жүргізу;<br>- жануарлардың ауруларына диагноз қою кезіндегі референттік функция (даулы жағдайларда немесе басқа зертханаларда диагноз қою қиын болған кезде түпкілікті диагноз қою);<br>- ветеринарияда пайдаланылатын микроорганизмдердің депондалған штаммдарының ұлттық коллекциясын жүргізу;<br>- малдың организміндегі, малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттардағы өте улы немесе радиоактивті заттарды анықтау;<br>- малдан өндірілетін өнімдер мен шикізаттардың, жемдердің, жем қоспаларының, ветеринариялық препараттардың импорты, экспорты және транзиті кезіндегі ветеринариялық-санитариялық сараптамасының даулы жағдайларындағы зертханалық зерттеулер;<br>- жұмысшыларының біліктілігін көтеру жөніндегі алыс және жақын шетелдердің және халықаралық референттік орталықтардың ғылыми зерттеу мекемелері көрсететін қызметтерін сатып алу;<br>Мыналарды сатып алу:<br>- термостат;<br>- стерилизациялаушы және кәдеге жаратушы автоклав;<br>- дьюара ыдысы;<br>- ұштық жинақтамасы бар механикалық тамызғыштар жиынтығы;<br>- автоматтандырылған мөлшерлеуші | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қондырғы;<br>- бағдарламамен қамтамасыз етілген компьютер;<br>- лазерлік принтер;<br>- түрлі-түсті принтер;<br>- сканер;<br>- УАЗ автокөлігіне орналасқан жылдам жылжымалы зертхана;<br>- ГАЗ автокөлігіне орналасқан жүк тасымалдайтын автокөлік. | | шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 101 | Жануарлар ауруларының диагностикасы | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың аурулары бойынша серологиялық, бактериологиялық, вирусологиялық, паразитологиялық зерттеулерді қоса алғанда 19,0-24,0 млн. зерттеулер жүргізу жөніндегі іс-шараларды орындау бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 4 | | 102 | Эпизоотияға қарсы шаралар | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың ауруларына қарсы эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету:<br>ветеринариялық препараттардың 90,0-110,0 миллион дозасын және жануарлар мен құстардың аса қауіпті ауруларының алдын алу, сонымен қатар ветеринариялық препараттардың республикалық қорын толтыру үшін 50 000 -55 000 литр дезинфекциялық заттар сатып алу;<br>сатып алған препараттарды соның ішінде республикалық ветеринариялық препараттар қорын белгіленген орнына дейін жеткізу;<br>ветеринариялық препараттарды қолданғанға дейін сақтау;<br>ветеринариялық препараттардың республикалық қорын сақтау;<br>ветеринариялық препараттарды жергілікті жерлерде қолдану, оған қоса:<br>1) серологиялық зерттеу үшін қанның сынамаларын алу және жеткізу - 19,0-24,0 миллион сынама;<br><br>2) 90,0-110,0 миллион ветеринариялық препараттардың дозасын жануарларға егу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезі және/немесе туберкулезі бойынша қолайсыз 65-75 пункттерін белгіленген тәртіпке сәйкес сауықтыру, оған қоса мыналарды өткізу:<br>кері нәтиже алғанға дейін жануарларды зерттеу;<br>ауру жануарларды өткізу;<br>жануарларды егу;<br>ауру жануарлар ұсталған жайларды дезинфекциялау. | | шаруашылығы министрлігі |
| 5 | | 103 | Жануарлар мен құстардың қауіпті жұқпалы ауруларының ошақтарын жою | Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес жануарлар мен құстардың ауруы шығады деп күтілген табиғи ошақтарын оқшаулау және жою бойынша 100% іс-шараларды ұйымдастыруға кіретіндері:<br>ветеринариялық препараттар мен дезинфекциялық құралдарды жеткізу;<br>өлген малдар мен құстардың өлекселерін өртеп жіберу арқылы жою;<br>алынып қойылған, жойылған малдың, азықтың, азық қоспаларының және ветеринариялық препараттардың құнын өтеу;<br>эпизоотологиялық ошақта және қатерлі аймақта малдар мен құстарды мәжбүрлеп егу;<br>малдар мен құстар ұсталған жайларды дезинфекциялау;<br>зертханалық зерттеу үшін қанның сынамаларын және патматериалды алу және жеткізу;<br>созылмалы ауруларға бақылаулық зерттеу жүргізу;<br>карантин кезінде карантиндік бекеттер, дезинфекциялық кедергілер орнату және оларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру.<br>Шекаралас мемлекеттерде жануарлар мен құстардың аса қауіпті инфекциялық аурулары шыққан кезде республикаға инфекцияны енуіне жол бермеу жөнінде шекаралық карантиндік уақытша бекет ұйымдастыру жүзеге асырылады, онда мыналар | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қамтылады: дезинфекциялық заттарды республикалық қордан осы бекеттерге дейін жеткізу; көлік құралдарын дезинфекциялау үшін дезинфекциялық уақытша кедергілер орнату немесе бар дезинфекциялық кедергілерді жөндеу және оларда тәулік бойы кезекшілік ұйымдастыру жұмыстары шекаралас мемлекеттерде эпизоотиялық қалыпты жағдай қалыптасқанынша ұйымдастырылады. | | шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: жануарлар мен құстардың ауруларына диагноз қоюдың қолданыстағы әдістерін жетілдіру; мемлекеттік мекеменің атқаратын қызметін жақсарту мақсатында қажетті зертханалық құрал-жабдықтар мен техникалармен жарақтау: термостат - 4 бірлік, стерилизациялаушы және кәдеге жаратушы автоклав - 4 бірлік, Дьюара ыдысы - 30 бірлік, ұштық жинақтамасы бар механикалық тамызғыштар жиынтығы - 10 бірлік, түрлі сұйықтықтармен жұмыс істеу үшін автоматтандырылған мөлшерлеуші қондырғы - 6 бірлік, бағдарламамен қамтамасыз етілген компьютер - 4 бірлік, лазерлік принтер - 4 бірлік, түрлі-түсті принтер - 4 бірлік, сканер - 4 бірлік, УАЗ автокөлігіне орналасқан жылдам жылжымалы зертхана - 2 бірлік, ГАЗ автокөлігіне орналасқан жүк тасымалдайтын автокөлік - 1 дана; жануарлар мен құстар ауруларына диагноз қою бойынша 19 - 24 миллион зерттеу жүргізу, 90,0 - 110,0 миллион бас жануар мен құсты иммунизациялау, ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың туберкулезі және/немесе бруцеллезі бойынша 65-75 қолайсыз пункттерді сауықтыру, жануарлар мен құс ауруларының ошақтарын 100% жою;
Қазақстан Республикасы аумағына жануарлар мен құс ауруларының шекаралас мемлекеттерден енуіне жол бермеу.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының азаматтары, жануарлар әлемі және құстар үшін эпизоотиялық қолайлықты қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: орташа шығын 1 диагностикалық зерттеуге - 93,59 теңгені, бір алдын-алу іс-шарасына - 27,05 теңгені, бір ошақты туберкулез және бруцеллез ауруларынан сауықтыруға - 7 429,84 мың теңгені және Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар мен құс ауруларының ошағын жоюға және жануарлар және құстың жіті инфекциялық аурулары таралуының алдын алуға - 550 000,0 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: осы бағдарламада көзделген іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде

орындау.
Сапасы: Қазақстан Республикасында мал және құс ауруларының таралуын 100% болдырмау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
118-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтауды және кәріздендіруді дамытудың салалық жобасы (2-кезең)"
деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 118-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
119-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру қажеттіліктерін қамтамасыз ету" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 7058162 мың теңге (жеті миллиард елу сегіз миллион бір жүз алпыс екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 3, 4, 6, 9, 10, 11, 12-баптары ; "Агроөнеркәсіп кешені және ауылдық аймақтардың дамуын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 3, 9 ,12-баптары ; "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы ; "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 41 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының азық-түліктік қауіпсіздігін және жұмылдыру қажеттіліктерін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік азық-түліктік астық резервін дер уақытында жаңарту және отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау үшін астық сатып алу, мемлекеттік азық-түліктік астық резервін сақтау және орнын ауыстыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Азық-түлік қауіпсіздігін және жұмылдыру қажеттіліктерін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Мемлекеттік ресурстарға астықты сатып алу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жаңарту үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден 543 мың тоннаға дейінгі көлемде астық сатып алу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 101 | Азық-түлік астығы мемлекеттік резервінің астығын сақтау және ауыстыру | 500,0 мың тонна көлеміндегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін лицензияланған астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау, сол сияқты 17,0 мың тоннаға дейінгі көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік резерві астығының орнын ауыстыру. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже:
- 543 мың тоннаға дейін көлемдегі астықты мемлекеттік астық ресурстарына сатып алу;

- есеп беру кезеңінің соңына 250,0 мың тоннаға дейін көлемдегі ағымдағы жылғы егіннің астығын мемлекеттік азық-түліктік астық резервіне орналастыру;
- 500,0 мың тонна көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін республиканың астық қабылдау кәсіпорындарында сақтау;
- 17,0 мың тоннаға дейін көлемдегі мемлекеттік азық-түліктік астық резервін жеке меншік астық қабылдау кәсіпорындарынан мемлекеттік астық базаларына орнын ауыстыру.

Түпкі нәтиже:
- есеп беру кезеңінің соңына шамамен 45% көлемдегі ағымдағы жылғы егіннің астығын мемлекеттік азық-түліктік астық резервіне орналастыру (ғылыми негізделген нормалар бойынша 30% кем емес);
- республика тұрғындарының астықпен азық-түліктік қамтамасыз ету үлесі - шамамен 16-17%;
- астықты мемлекеттік сатып алуға қатысушы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің саны - 1500 кем емес.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
- мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын 3 сыныпты жұмсақ бидайдың 1 тоннасының орташа бағасы - 14,0-18,0 мың теңге;
- мемлекеттік ресурстарға сатып алынатын 1 тонна астықтың сақтау құны - 130,0-дан - 140,0 теңгеге дейін;
- мемлекеттік астық ресурстарының 1 тоннасының орнын ауыстыру бағасы - 1200,0-дан - 1300,0 теңгеге дейін.
Уақтылығы: мемлекеттік астық ресурстарын сатып алу, сақтау және орнын ауыстыру белгіленген мерзімде жүзеге асырылады:
Сапасы: жоғарғы сапалы 100% астық сатып алу, астықтың 100% сандық-сапалық сақталуы, мемлекеттік ресурстарға сатып алынған астықтың 3,5% дейінгі көлемінің орнын ауыстыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.27.* N 637 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
120-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ауыл шаруашылығы өндірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 203594 мың теңге (екі жүз үш миллион бес жүз тоқсан төрт мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 159-бабы ;»"Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 10-бабы ;»" Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 6-бабы ;»" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Агрохимия қызметі

республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемені құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 қаңтардағы N 83 қаулысы ;»" Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : дала жұмыстарын бастауды, тұқым себудің мерзімі мен көлемін, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауды жоспарлау үшін Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін сапалы агрометеорологиялық ақпаратпен қамтамасыз ету; өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігін, жалпы өнімі мен сапасын арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : топырақ ылғалдылығының жай-күйіне, дала жұмыстарының басталуы алдында топырақ ылғалдылығы қорларын, тұқым себу мерзімдерін, дәнді дақылдарды жинаудың агрометеожағдайларын бағалау және болжау , агрометеорологиялық көрсеткіштерді былтырғы жылғымен салыстырғанда, талаптарда қардың қалың жиналу жағдайын және басқаларды талдау метеопараметрлеріне 100% бақылау жүргізу; жаздық дәнді дақылдар егістігінің жағдайына ғарыштық мониторинг жүргізу және ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін бағалау, топырақтың құнарлылығын сақтау және көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | Ауыл шаруашылығы өндірісін агрохимиялық және агроклиматтық қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 100 | Ауыл шаруашылық өндірісін агрометеорологиялық қамтамасыз ету | 1. Ауыл шаруашылығы өндірісін мынадай ақпаратпен қамтамасыз ету үшін агрометеорологиялық мониторинг жүргізу:<br>онкүндік агрометеорологиялық бюллетені;<br>онкүндік ішіндегі топырақтағы | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | пайдалы ылғалдық қорларының қосылып отыру қорытындысы;<br>жаздық дәнді дақылдардың онкүндік ішіндегі жай-күйі (даму кезеңі басталған күн, биіктігі, қалыңдығы, жай-күйін бағалау) және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі мен дамуына агрометеорологиялық жағдайлардың әсер етуі;<br>дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың облыстағы орташа өнімділігі мен жалпы өнімін болжау;<br>көктемгі-егіс жұмыстары басталуы алдына топырақтағы ылғалдық қорларын болжау;<br>тұқым себудің оңтайлы мерзімдерін болжау;<br>күздік дақылдардың қыстап шығуын болжау;<br>бидайдың пісу мерзімдерін болжау;<br>қар жиналу жағдайы туралы кеңес беру;<br>дәнді дақылдарды жинаудың агрометеорологиялық жағдайларын болжау;<br>күздік дәнді дақылдардың қыс келер алдындағы жағдайын талдау;<br>күздік дәнді дақылдардың өсу жаңаруы кезеңіндегі жағдайын талдау;<br>топырақтың күзде қатып қалуы алдындағы және көктемгі-егіс жұмыстары алдындағы пайдалы ылғалдың нақты қорларын талдау;<br><br>дәнді дақылдарды жинау жағдайларын талдау;<br>агрометеорологиялық көрсеткіштерді орташа көпжылдық көрсеткіштермен, өткен жылғы көрсеткіштермен салыстырмалы сипаттама;<br>еліміздің аумағы бойынша ауа райы жағдайына байланысты аурулар мен ауыл шаруашылығы зиянкестерінің дамуы жағдайын талдау;<br>станциялар бойынша метеорологиялық кесте;<br>көктемгі егісті өткізудің мерзімі | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мен шарттары туралы консультация;<br>қар ерігеннен кейін күздік дәнді дақылдардың жай-күйін талдау ( бағыттық зерттеулер қорытындысы бойынша);<br>Қазақстан аумағы бойынша маусымға арналған ауа-райы болжамы туралы анықтама;<br>Қазақстанның астықты аймағының 21 ауданы үшін өсу кезеңінің ортасындағы және бүкіл өсу кезеңіндегі жағдай бойынша онкүндік бойынша өсімді нәтижемен тәуліктік орташа температура 0 градустан жоғары болған кезеңдегі ауаның белсенді оң температуралары сомаларының кестесі;<br>Қазақстанның астықты аймағының 21 ауданы үшін өсу кезеңінің ортасындағы және бүкіл өсу кезеңіндегі жағдай бойынша онкүндік бойынша өсімді нәтижемен тәуліктік орташа температура 5 градустан жоғары болған кезеңдегі ауаның тиімді температуралары сомаларының кестесі.<br>2. Мына бағыттар бойынша ғарыштық мониторингтің мәліметтерін алу:<br>жаздық дәнді дақылдардың егістік алқаптарының көлемдерін бағалау ;<br>дәнді дақылдар егістіктер жай-күйінің диагностикасы;<br>жаздық дәнді дақылдар егістіктерінің ластануын бағалау;<br>таза сүрі жерлердің алқаптарын айқындау;<br>жаздық дәнді дақылдардың өнімділігін және жалпы өнімін болжау;<br>биылғы жылы өңделген егістіктерді айқындау және күріш егістігі алқаптарының көлемдерін бағалау;<br>күріш өнімділігін және жалпы өнімін болжау. | | |
| 3 | | 101 | Республикалық ғылыми- әдістемелік агрохимиялық қызмет орталығы | Топырақ агрохимиялық зерттеулер және топырақ құнарлылығы мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарға | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғылыми-әдістемелік басшылықты, жылдағы агрохимиялық тексерулерге және топырақ құнарлығы мониторингі нәтижелеріне талдауды, басқарудың әртүрлі деңгейлері үшін қазіргі заманғы ГИС-технологиялар негізінде топырақтың гумуспен және қоректік заттардың жылжымалы нысандармен қамтамасыз етілуі жөніндегі электрондық және қағаз жүзіндегі агрохимиялық картограммаларын құрастыруды;<br>республиканың жыртпалы жерлерінің агрохимиялық мәліметтері банкін қалыптастыру және толықтыруды;<br>жер пайдалану аумағының агроландшафтық жағдайын ескере отырып минералдық тыңайтқыштарды қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздемесін әзірлеу үшін химияландыру құралдарын тиімді пайдалану жөніндегі ғылыми-өндірістік тәжірибелер жүргізуді;<br>микротыңайтқыштардың жаңа түрлерін сынау;<br>минералдық тыңайытқыштардың үлкен мөлшерлері пайдаланылатын суармалы жерлерде топырақта, өсімдіктерде және өнімде ауыр металдардың жылжуы мен жиналуы мәселелерін зерттеуді;<br>топырақта және ауыл шаруашылығы өнімінде пестицидтердің қалдықты көлемінің жиналуы жөнінде зерттеулер жүргізуді;<br>уәкілетті органның аумақтық инспекциялары бақылау жүргізгенде топырақтың агрохимиялық құрамы туралы шынайы мәліметтерді алу үшін бақылау топырақ үлгілеріне іріктеуді және талдауды;<br>топырақ құнарлығының жағдайы мен өзгеруін бақылауды, топырақты химиялық талдау және агрохимиялық зерттеулер жүргізу жөніндегі әдістеме мен әдістемелік нұсқауларды | | шаруашылығы министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жетілдіру жүзеге асыратын штат саны 150 адамдық "Республикалық агрохимия қызметінің ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесін ұстау. Ұйымдастыру техникасын, автокөлік, зертханалық жабдық, зертханалық жиһаз сатып алу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз ету үшін агрометеорологиялық мониторинг жөнінде 191 дана және ауыл шаруашылығы алқаптарының және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің ғарыштық мониторингі жөнінде 7 дана ақпарат алу, топырақтың агрохимиялық құрамы туралы шынайы мәліметтерді алу үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі аумақтық инспекцияларымен бірге 20-30 мың бақылау топырақ үлгілерін іріктеуді және талдауды жүргізетін»"Республикалық агрохимия қызметі ғылыми-әдістемелік орталығы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - РАҚҒӘО ММ) 4 аймақтық филиалын құру, топырақ агрохимиялық жұмыстарының және топырақ құнарлылығы мониторингінің сапасына ғылыми-әдістемелік басшылық жасау, Агрохимиялық мәліметтер банкін және алқаптарға электрондық карталар құру, 4,2 мың данаға жуық топырақтың гумуспен және қоректік заттардың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілуі жөніндегі агрохимиялық картограммалар әзірлеу, РАҚҒӘО ММ-ін 4 бірлік»Нива жеңіл автомобильдерімен, 4 бірлік УАЗ микроавтобустарымен, 4 бірлік сканерлермен, 4 бірлік көшіру аппараттарымен, 4 бірлік факсимильдік аппараттармен, 13 бірлік компьютерлермен (комплектте), 60 бірлік зертханалық жабдықпен, 40 бірлік зертханалық жиһазбен, 1 бірлік мультимедиилік проектормен, АА-6200 ( атомдық-абсорбциялық спектрометр) үшін катодтық лампалармен жабдықтау.
Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің барынша көлемін агрометеорологиялық мониторинг жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету, негізгі ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу мерзімдерін, ауыл шаруашылығы өнімін өндіру технологиясын және көлемін болжау үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелерін ауыл шаруашылығы алқаптарының ғарыштық мониторингі және топырақ құнарлылығы жағдайы жөніндегі ақпаратпен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бір агрометеорологиялық ақпараттың орташа құны 117,5 мың теңгені, IRS спутнигінен космостық суретке түсірудің бір көрінісінің құны 80,0 мың теңгені, канадалық RADARSAT-1 барлық ауа-райылық спутнигінен космостық суретке түсірудің бір көрінісінің құны 130,0 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: агрометеорологиялық, ғарыштық мониторингті және агрохимиялық мониторингті жүргізу жөніндегі ақпаратпен белгіленген мерзімдерде қамтамасыз ету.

Сапасы: агрометеокөрсеткіштер болжамдарының 85% шынайылығы мен дәлдігін, егістік алқаптар мен егістіктердің жағдайы туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету . Агрохимиялық қызметті ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және агроөнеркәсіп кешені ұйымдарын агрохимиялық ақпараттық қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
121-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің жергілікті бөлімшелері үшін ғимараттар және құрылыстар сатып алу" деген 022 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 357000 мың теңге (үш жүз елу жеті миллион теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 8-бабы ; " Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылдың 10 желтоқсандағы Заңының 7-бабы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : аумақтық органдардағы мемлекеттік қызметшілерді еңбек жағдайларымен қамтамасыз ету.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : аумақтық органдардың қызметін меншікті әкімшілік ғимаратын иелікке алу арқылы қамтамасыз ету.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 022 | | Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылық министрлігінің жергілікті бөлімшелері үшін ғимараттар және құрылыстар сатып алу | Әкімшілік ғимаратпен: Оңтүстік-Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясын және Павлодар облыстық аумақтық инспекциясын қамтамасыз ету. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: әкімшілік ғимаратпен қамтамасыз ету.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық инспекциясының қызметкерлерін еңбек жағдайымен қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бюджет қаржысын жеке меншікті жалдаудан үнемдеу.
Уақтылығы: белгіленген мерзімге сәйкес іс-шараларды орындау.
Сапасы: іс-шараларды толық көлемде орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
122-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану" деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 346640 мың теңге (үш жүз қырық алты миллион алты жүз қырық мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 46, 57, 59-баптары ;»"Қазақстан Республикасы экономикасының су секторын дамытуды және су шаруашылығы саясатының 2010 жылға дейінгі тұжырымдамасын мақұлдау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 21 қаңтардағы N 71 қаулысы ;»"Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1378 қаулысы ;»"Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу әрі бекіту ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 159 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республикадағы су ресурстарын тұрақты және теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : экономика саласымен халықтың суға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін негізгі бағыттар мен шараларды айқындау; экономика саласын су ресурстары мен олардың пайдалануы туралы қажетті

мәліметтермен қамтамасыз ету, Шідерті өзенінің сағасында табиғи көктемгі гидрологиялық режімді қалпына келтіру.

| | | | | жүргізу, оның ішінде: Астана қаласының шетіндегі аймағы ішінде қорғаныштық және ландшафты-рекреациялық екпе ағаштар құрудың жұмыс жобасы;<br>Ақмола облысы Шортанды орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен оны суландырудың жұмыс жобасы;<br>"Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының орман дақылдары тұқымы плантациясын суландырудың жұмыс жобасы;<br>Астана қаласының қала шетіндегі аймағы шегінде қорғаныштық және ландшафты-рекреациялық екпе ағаштар құрудың жұмыс жобасын табиғи жағдайға алып шығу;<br>Астана қаласының шетінде қорғаныштық екпе ағаштар құру жөніндегі жұмыс жоспары бойынша сәулет-құрылыс мемлекеттік сараптамасын қамтамасыз ету;<br>Шортанды орман питомнигі мен "Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының орман тұқымы плантациясын ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен оны суландырудың жұмыс жобасының сәулет-құрылыс мемлекеттік сараптамасын қамтамасыз ету;<br>Астана қаласының жасыл аймағында қорғаныштық екпе ағаштарын құрудың жұмыс жобасына авторлық қадағалау.<br>Жаңа далалық іздестіру жұмыстарын жүргізу, оның ішінде:<br>Астана қаласының шетіндегі аймақта 2015 жылға дейінгі кезеңге 155 мың гектар ауданда екпе ағаштар құрудың техника-экономикалық негіздемесі;<br>Астана қаласының шетіндегі аймағы шегінде қорғаныштық және ландшафты-рекреациялық екпе ағаштар құрудың жұмыс жобасы (Солтүстік, Шығыс және | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Оңтүстік-Шығыс бағыттар). Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Жасыл аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын материалдық-техникалық жарақтандыру. | | |
| 7 | | 105 | Орманды әуеден қорғау | 5639 мың гектар алқапта бөлінген екпелерді байқау, осы екпелерді есепке алу және олардың жай-күйін қадағалау бойынша оны авиациямен қарауылдау және аэрокөрілімдік орман-патологиялық бақылау. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: тұқымның егістік қасиеттеріне сертификаттар, себуге әзірленген тұқымды өңдеу жөнінде ұсыныстар алынды, Сандықтау оқу-өндірістік орман шаруашылығының орман қоры орман өрттерінен және заңсыз ағаш кесуден сақтап қалынды, Қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің саны 25-ке дейінгі студенттердің орман шаруашылығын жүргізу жөнінде өндірістік тәжірибеден өтуі жүзеге асырылды, 171 гектар тұрақты орман тұқымы учаскелерін құру жөнінде алқаптар іріктеп алынды және ұсыныстар әзірленді; 622 гектар уақытша орман тұқымы учаскелері таңдап алынды; 7 гектар тұрақты орман тұқымы плантациялары отырғызылды; 100 гектар артықшылығы бар екпелер іріктеп алынды; 157 дана артықшылығы бар ағаштар іріктеп алынды; 9320 гектар алқапта генетикалық резерваттар бөлінді; 341 гектар тұрақты орман тұқымы базасының объектілері қорғалады және қамтамасыз етіледі; 671500 дана жақсартылған сападағы отырғызу материалдары өсіріледі;

2008 жылдың орман орналастыру шараларына дайындық жұмыстары жүргізілді: топокарталар, ішкі шаруашылық жер орналастыру жоспарлары, аудандық және облыстық карталар сатып алынды.

Далалық орман орналастыру жұмыстары жүргізілді: Алматы облысында - 706,8 мың гектар, Маңғыстау облысында - 242,4 мың гектар; тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша орман орналастыру жобаларының өндіріске енгізілуіне авторлық қадағалаулар мен тексерулер жүргізілді.

Орман мекемелерінде камералдық орман орналастыру жұмыстары жүргізілді: Павлодар облысында - 178,3 мың гектар: Максим-Горький - 27,6 мың гектар, Павлодар - 53,5 мың гектар, Өрлітөбе - 46,5 мың гектар және Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде - 50,7 мың гектар; Ақмола облысында - 248,3 мың гектар, соның ішінде орман мекемелерінде:»Бұқпа»- 22,8 мың гектар, Бұланды - 48,0 мың гектар,

Куйбышев - 47,8 мың гектар, Кіші-Тоқты - 19,6 мың гектар, Ұрымқай - 34,1 мың гектар және»Көкшетау»мемлекеттік ұлттық табиғи паркі - 76,0 мың гектар.
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жиынтық орман орналастыру жобасы жасалды.
Камералдық жұмыстар орындау үшін бағдарламалық қамтамасыз ету жетілдірілді.
Жобалау-іздестіру жұмыстары жүргізілді, оның ішінде:
2006 жылғы іздестіру бойынша камералдық жұмыстар: Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 90,3 мың гектар; Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 50,7 мың гектар; Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының орман көмкермеген жерлері орманданувының және жабайы жемісті екпелерін қалпына келтірудің жұмыс жобасы - 2700 гектар; Солтүстік Қазақстан облысы Соколов орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 50 гектар; Алматы облысы Қаскелең орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 45 гектар; Ақмола облысы Көкшетау орман селекциялық орталығының ұйымдастыру-шаруашылық жоспарының жұмыс жобасы 192 гектар; жұмыс жобалардың сәулет-құрылыс мемлекеттік сараптамасын қамтамасыз ету, оның ішінде: Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының орман көмкермеген жерлері орманданувының және жабайы жемісті екпелерін қалпына келтірудің жұмыс жобасы - 1 дана, Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 1 дана, Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы ормандарының өртке қарсы құрылғысының жұмыс жобасы - 1 дана, Солтүстік Қазақстан облысы Соколов орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 2 дана, Алматы облысы Қаскелең орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 2 дана, Ақмола облысы Көкшетау орман селекциялық орталығының ұйымдастыру-шаруашылық жоспарының жұмыс жобасы - 2 дана, Ақмола облысы Көкшетау орман селекциялық орталығын ұйымдастыру мен суландырудың жобасының техника-экономикалық негіздемесін әзірлеу - 192 га; Ақмола облысы Көкшетау орман селекциялық орталығын ұйымдастыру мен суландырудың жобасының техника-экономикалық негіздемесін әзірлеудің сәулет-құрылыс сараптамасын қамтамасыз ету - 1 дана.
Жаңа далалық іздестіру жұмыстары жүргізілді: Жамбыл облысы Байзақ орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 30 гектар, Іле-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 15 гектар, Қостанай облысы Затобол орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен суландырудың жұмыс жобасы - 50 гектар.
Астана қаласы мен оның қала шетіндегі аймағы жағдайында қаланы көгалдандыру мен

сортаң және батпақты жерлерінде ағаш екпелерін құрудың тәсілдері мен технологияларын айқындау жөнінде ұсыныстар әзірлеу; Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы аумағын кеңейту жөнінде табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленді;»Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының түзетілген табиғи-ғылыми және техника-экономикалық негіздемесі жасалды; орманды пайдалану ақысын есептеу ставкаларының әдістемесі әзірленді; ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану ақысын есептеу ставкаларының әдістемесі әзірленді; орман қорына жыл сайынғы есеп жүргізілді, Іле-Алатауы, Баянауыл,»Алтын Емел,»Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтары аумағында туризм инфрақұрылымын дамытудың түзетілген техника-экономикалық негіздемесі жасалды; Қазақстанның Қызыл кітабына енгізу үшін аз танылған сирек және бірегей өсімдіктер бірлестігі зерттелді; Қазақстанның оңтүстік-шығысында ителгінің таралымы қалпына келтірілді;»Жануарлар дүниесінің кадастры, мониторингі және есебі» автоматтандырылған бағдарламасын әзірлеуге техникалық тапсырма дайындау, жануарлар дүниесінің мониторингі мен есебі; 2008 жылы жануарлар дүниесі объектілерін алудың биологиялық негіздемесі жүргізілді; киіктер санының жай-күйі туралы есеп жүргізілді; сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарлардың есебін және бақылауын (мониторингін) ұйымдастыру және таралымдардың жай-күйіне үнемі жедел баға беріп отыру жүргізілді. "Қазақ орман орналастыру кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының, "Қазақ мемлекеттік жобалау жөніндегі жобалау-іздестіру институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының балансына берілген ғимаратқа ішінара күрделі жөндеу жүргізілді.
Жер бөлу, жобаны табиғи жағдайға алып шығу - 8000 гектар; 11 млн. дана отырғызу материалы өсірілді; 0,042 мың гектар орман тұқымы плантациялары құрылды; 9 тұқым ағаш тұқымдарын аудандастырудың бірінші кезеңі өткізілді; 5000 гектар орман дақылдары отырғызар алдында топырақ өңдеп отырғызылды; 5100 гектар бұрнағы жылдары отырғызылған орман дақылдарымен толықтырылды, 2,7 млн. дана отырғызу материалы сатып алынды; 19602,8 гектар екпелерге күтім жасалды; 33043 гектар орман екпелері қорғалды; 2008 - 2009 жылдары отырғызу үшін 15000 гектар жер дайындалды; 7700 гектар орман екпелеріне күтім және күтіп-баптау үшін кесу жасалды; жер пайдаланушылардың шығындары өтелді; техника жөнделді.
2006 жылғы іздестіру бойынша камералдық жобалау жұмыстары: Астана қаласының шетіндегі аймағының шегінде (оңтүстік бағыты) қорғаныштық және ландшафты-рекреациялық екпелер құрудың жұмыс жобасы - 15000 гектар; Ақмола облысы Шортанды орман питомнигінің ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен оны суландырудың жұмыс жобасы 69 гектар;»"Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының орман дақылдары тұқымы плантациясын суландырудың жұмыс жобасы - 155 гектар; Астана қаласының шетіндегі аймағы шегінде қорғаныштық және

ландшафты-рекреациялық екпе ағаштар құрудың жұмыс жобасын табиғи жағдайға алып шығу (оңтүстік бағыт) - 15000 гектар; Астана қаласының шетіндегі аймағында қорғаныштық екпе ағаштар құрудың жұмыс жобалары бойынша сәулет-құрылыс мемлекеттік сараптамасын қамтамасыз ету (оңтүстік бағыты) - 2 дана; Ақмола облысы Шортанды орман питомнигінің және»"Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдастыру-шаруашылық жоспары мен оны суландырудың жұмыс жобасының сәулет-құрылыс мемлекеттік сараптамасы қамтамасыз етілді - 3 дана; Астана қаласының жасыл аймағын құрудың жұмыс жобасын авторлық қадағалау - 4 д а н а .

Жаңа далалық іздестіру жұмыстары жүргізілді: Астана қаласының шетіндегі аймағында 2015 жылға дейінгі кезеңге 155 мың гектар ауданда екпе ағаштар құрудың техника-экономикалық негіздемесі - 155 гектар; Астана қаласының шетіндегі аймағы шегінде қорғаныштық және ландшафты-рекреациялық екпе ағаштар құрудың жұмыс жобасы (Солтүстік бағыт - 5000 гектар, Шығыс бағыт - 5000 гектар, және Оңтүстік-Шығыс бағыт - 5000 гектар) - 15000 гектар.»

"Жасыл Аймақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорынның материалдық-техникалық базасы 10 бірлік трактормен, 1 бірлік автобуспен, 2 бірлік өрт сөндіру машинасымен, 1 бірлік дискілі маламен, 8 бірлік мотоциклмен, 4 бірлік культиватормен, 2 бірлік отын автоқұйғышымен, 4 бірлік УАЗ автомашинасымен жарақтандырылды, ақпараттық және аппараттық жарақтандыру жүзеге асырылды және геодезиялық приборлар сатып а л ы н д ы .

"Орман шаруашылығына қызмет көрсету және орманды авиациялық қорғау Қазақ базасы" мемлекеттік қазыналық кәсіпорынмен 6 180 ұшу сағаты жүргізілді.

Түпкі нәтиже: орман питомнигінде стандартты отырғызу материалы алынды, орман қорының сақталуы қамтамасыз етілді, ормандарды молықтыру және орман өсіру алқаптары кеңейтілді, орман орналастыру жобалары, жобалық іздестірулер мен техника-экономикалық негіздемелер алынды, орман өрттері қамтыған алқаптар азайды, орман қорының бір жану алқабы 1 гектарға дейін қысқарды.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 гектар уақытша орман тұқымдары учаскелерін құру 1252 теңге, 1 артықшылығы бар ағаш іріктеу - 5277 теңге, 1 га орман орналастыру жұмыстары 71,21 теңге, 1 га жобалық іздестіру 6446 теңге, 1 га жасыл аймақ құру бойынша жобалық іздестіру 1380 теңге, 1 га орман отырғызу 14725,8 теңге, 1 га орманды авиациямен күзету және аэрокөрілімдік орман-патологиялық бақылау 136,1 теңге (бір ұшу сағаты: МИ-8 МТВ - 214 мың теңге, МИ -8Т - 180 мың теңге, АН-2, А-22 - 55 мың теңге, ЯК-18, цесна - 50 теңге, МИ-2-61 - 88 мың теңге) құрайды.

Уақтылығы: өртке қарсы және ормандарды қалпына келтіру іс-шараларын, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, материалдық-техникалық жарақтандыру , орман тұқымы плантацияларында ағаш отырғызу және перспективалы нысандағы отырғызу материалын өсіру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарын өртке

қарсы жабдықтау жобаларын және республиканың орман күзеті мекемелерінде ұйымдастыру-шаруашылық жоспарының жобаларын әзірлеу, жобаларға сәйкес ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізу, орман қорын күзету бойынша авиациялық жұмыстар туралы ережеге және ұшу жоспарына сәйкес авиациямен орман күзету жұмыстарын орындау.

Сапасы: келіп түскен бүкіл тұқым қорының тұқымын анализбен жүз пайыз қамту және оны сертификаттау, питомниктер мен орман дақылдарында отырғызу материалының шығымы нормативтеріне сәйкес тұқымның өсіп-өну пайызы, мұрагерлік сапасы жақсартылған отырғызу материалын алу, геоақпараттық жүйе технологияны қолдану арқылы орман орналастыру жұмыстарының құнын төмендету және бағдарламамен қамтамасыз етуді жетілдіру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өртке қарсы құрылғысы үшін іздестіру жүргізу, көп жылғы деректермен салыстырғанда бір өрттің орташа алқабының артып кетуіне жол бермеу.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
132-ҚОСЫМША

**212 ң Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры" деген 037 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 119500 мың теңге (бір жүз он тоғыз миллион бес жүз мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 17-бабы; "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 22, 47-баптары .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : балық қорларын ұтымды пайдалану, балықтың құнды түрлерінің гендік қорын сақтау.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : санының өсуіне мониторинг жүргізу, балықтың жай-күйін және кәсіпшілік балық табындары қорын бағалау; оларды тұрақты пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 037 | | Балық ресурстарын мемлекеттік есепке алу және оның кадастры | Кәсіпшілік аудандардың балық өнімділігін және халықаралық және республикалық маңызы бар ірі балық шаруашылықтарының жалпы рұқсат етілетін аулауды анықтау. Жергілікті маңызды резервтік қордағы балық шаруашылығы су айдындарының балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жыл сайынғы жай-күйін бағалау. Шекаралас ағын сулардың режимін гидрологиялық талдау және олардың биоресурстарды қалыптастыруға әсерін анықтау. Каспий теңізіндегі балық қорларын мемлекетаралық зерттеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ауланған балық лимитін және квотасын анықтау үшін оңтайлы рұқсат етілетін балық аулауды (ОРБА) анықтау жөніндегі биологиялық негіздеме; Каспий теңізінің балық қорын зерттеу жөніндегі халықаралық экспедицияның есебі.
Түпкі нәтиже: халықаралық, республикалық және жергілікті маңызды резервтік қор су айдындарындағы судың биологиялық ресурстарын оңтайлы пайдалану және сақтау жөнінде басқарманың шешім қабылдауы үшін нұсқамалар беру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: шекаралас және ішкі су айдындарынан оңтайлы рұқсат етілетін балық аулауды анықтау жөніндегі есеп құны 65 508,0 мың теңге, жергілікті маңызды резервтік қордағы балық шаруашылығы су айдындарының балық ресурстары мен басқа да су жануарларының жыл сайынғы жай-күйін бағалаудың есеп құны 25325,0 мың теңге, Каспий теңізінің су биоресурстарын мемлекетаралық зерттеу жөніндегі есеп құны 28 667,0 мың теңге.
Уақтылығы: Қазақстан Республикасындағы балық ресурстарын және басқа да су жануарларын ұтымды пайдалану үшін, Каспий теңізінің су биоресурстары жөніндегі халықаралық Комиссиясының жыл сайынғы отырысына каспий жанындағы мемлекеттер арасындағы ауланған су биоресурстарының квоталары мен лимиттерін, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдаланушылар арасындағы ауланған су биоресурстарының квоталарын бөлу үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес жануарлар дүниесінің жай-күйін жыл сайын бағалау.
Сапасы: мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
133-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Балық ресурстарын молайту"
деген 038 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 737539 мың теңге (жеті жүз отыз жеті миллион бес жүз отыз тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 47-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы су айдындарында кәсіпшілік балық қорларын толықтыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жас балықтарды жасанды жолмен молайту; балықтардың мекендеуіне және табиғи өсіп өнуіне оңтайлы жағдай жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 038 | | Балық ресурстарын молайту | Құнды жас балық түрлерін өсіру ( бекіре, тұқы, ақсаха, бір жылға дейінгі тұқы, екі жылдық тұқы) Атырау облысының Қиғаш өзені саласында түп тереңдету жұмыстарын жүргізу. Балық өндірісімен айналысатын кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын дамыту. | Ақпан - қараша | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Қазақстан Республикасының 35 су қоймаларына балық жіберілген; Қиғаш өзеніне жалпы ұзындығы 17 шақырымға балық өсіру-мелиорациялық жұмыстарын жүргізу; Құнды жас балық түрлерін су қоймаларына жіберуді ұлғайту: бекірені (7 000 мың дана

көлемінде), тұқы - 65 мың дана, ақсаха - 85 мың дана, бір жылға дейінгі тұқы - 33,9 мың дана, жылдық тұқы - 0,9 мың дана, екі жылдық тұқы - 2,22 мың дана; Атырау облысының Қиғаш өзенінен 575,7 мың текше метр тұнба шығару жолымен түбін тереңдету нәтижесінде балықтардың уылдырық шашу мен жайып семірту жерлеріне көшіп-қонуын қамтамасыз ету. Балық шаруашылығы кәсіпорындарының жұмыс тиімділігін арттыру үшін 4 бірлік арнайы автокөлік, 10 бірлік арнайы техника, 11 бірлік арнайы жабдықтар, 1 бірлік жүзу құралын сатып алу.
Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасының балық ресурстарын қалпына келтіру мен тұрақты пайдалану.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 дана жас бекірені өсірудің құны - 16,22 теңге, жылға дейінгі тұқы - 7,0 теңге, жылдық тұқы - 20,4 теңге, екі жылдық тұқы - 16,78 теңге, ақсаха құрты - 0,17 теңге, тұқы құрты - 0,12 теңге, Атырау облысының Қиғаш өзенінен 1 текше метр тұнба шығару құны - 411 теңге.
Уақтылығы: өсіру биотехникасының талаптарына сәйкес су қоймаларына құнды жас балық түрлерін жіберу; уылдырық шашу мен қайту уақыты есебін қоса, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнамасы нормаларының талаптарына сәйкес балық өсіру-мелиорациялық жұмыстарын жүргізу.
Сапасы: 1 дана жас бекіренің салмағы - 3 гр., жылға дейінгі ақсаха - 25 гр., жылдық ақсаха - 30 гр., екі жылдық ақсаха - 150 гр., Атырау облысының Қиғаш өзеніндегі параметрлерінің техникалық жобамен сәйкестігі; сатып алынатын техниканың сапа сертификатының талаптарына сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
134-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету"
деген 040 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2863282 мың теңге (екі миллиард сегіз жүз алпыс үш миллион екі жүз сексен екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2004 жылғы 9 шілдедегі»"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-15-баптары , 2006 жылғы 7 шілдедегі»"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы ,»" Республикадағы жыртқыштардың жекелеген түрлерінің санын реттеу жөніндегі

шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 5 қыркүйектегі N 1230 қаулысы , "Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы N 1692 қаулысы , "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысы ,»"Тұяқты жабайы жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктерді сақтаудың және қалпына келтірудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 наурыздағы N 267 қаулысы , 2005-2007 жылдарға "Жасыл Ел" Бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен орман қорының объектілерін, биологиялық саналуандықты сақтау, қалпына келтіру және кеңейту, Қазақстанның сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жабайы тұяқты жануарларының түрлері мен киіктерінің санын сақтау және қалпына келтіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : мемлекеттік табиғи-қорық қоры мен орман қорының объектілерін қорғау, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және дамыту, табиғи кешендерді сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу және енгізу, жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері мен киіктердің кәсіпшілік санына қол жеткізу мақсатында олардың табиғи еркіндік жағдайында таралымдарын сақтау және биологиялық жағынан негіздей отырып жыл сайынғы өсімін ұлғайту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 040 | | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және жануарлар дүниесін сақтау мен дамытуды қамтамасыз ету | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | | 100 | Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар | Жалпы штат саны 2737 бірлік болатын 20 мемлекеттік мекемені, сонымен бірге: "Ертіс орманы" және "Семей орманы" 2 мемлекеттік табиғи орман резерватын, Ақсу-Жабағылы, Алакөл, Алматы, Барсакелмес, Батыс Алтай, Қаратау, Қорғалжын, Марқакөл, Наурызым, Үстірт 10 мемлекеттік табиғи қорықты;<br>"Алтын Емел", Баянауыл, Іле Алатауы, Қарқаралы, Қатон-Қарағай ,»"Көкшетау", Сайрам-Өгем, Шарын 8 мемлекеттік ұлттық табиғи паркін ұстау.<br>Жаңа құрылған 2 мемлекеттік мекемені материалдық-техникалық жабдықтау.<br>Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік мекемелері кадрларының біліктілігін арттыру. Өртке қарсы іс-шаралар жүргізу және ормандарды молықтыру. "Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына үй-жайлар мен құрылыстар сатып алу. Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватына орталық кеңсе, бақылау-өткізу пункті және стационарлық кардондар салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу.<br>Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының Визит-орталық табиғат мұражайын күрделі жөндеу ( 18.03.2006 жылғы N 2-133/06 Мемлекеттік сараптама); Алматы мемлекеттік табиғи қорығының электр беру желісін күрделі жөндеу. Алматы мемлекеттік табиғи қорығы мен Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне материалдық емес активтер сатып алу. Ерекше қорғалатын 20 табиғи аумаққа жазғы және қысқы нысанды киім сатып алу . | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |
| 3 | | 101 | Киіктерді, тұяқты жабайы жануарлардың құрып бара жатқан түрлерін сақтау | Республика аумағында төлдеу және басқа да маусымдық топталу орындарында киіктерді қорғау. Жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін қорғауды жүзеге асыру. Киіктердің қоныс аудару жолдарында, төлдеу, қыстау және | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | және олардың санын қалпына келтіру | басқа да мекендеу орындарында қасқырлар ату. Табиғи таралу аймақтары шегінде қарақұйрықты, арқарды жерсіндіру. | | аңшылық шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 3685611,8 гектар алқапта ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау және ұтымды пайдалану, өртке қарсы минералданған 35701 км алқапты құру және қарау, жүргізілген орман дақылдарын отырғызу жұмыстарының алқабы - 4573 гектар, ормандарды молықтыру алқабы - 5063 гектар.
Материалдық-техникалық жабдықтауымен ерекше қорғалатын табиғи аумақта штат саны 126 бірлік»"Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі мемлекеттік мекемесі және штат саны 99 бірлік Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты құрылады.
Жаңадан құрылған мемлекеттік мекемелерге мыналар сатып алынады:
"Көлсай көлдері" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі үшін: автомашина ВАЗ-Нива - 2 бірлік, патрульдік автомашина - 2 бірлік, өрт сөндіру автомашинасы - 2 бірлік, қайық моторы - 3 бірлік, моторлы қайық - 3 бірлік, дөңгелекті трактор - 1 бірлік, компьютер жиынтығымен - 5 бірлік, ксерокс - 1 бірлік, принтер - 2 бірлік, радиоорталық - 16 бірлік , кеңселік жиһаз - 1 бірлік, сейф - 1 бірлік, екітумбалы стол - 8 бірлік.
Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты үшін: автомашина ВАЗ-Нива - 1 бірлік, патрульдік автомашина - 10 бірлік, цифрлы бейнекамера - 3 бірлік, компьютер жиынтығымен - 10 бірлік, ксерокс - 2 бірлік, принтер - 5 бірлік, цифрлы фотокамера - 5 бірлік, радиоорталық - 18 бірлік, мылтық - 47 бірлік, кеңселік жиһаз - 2 бірлік, екі тумбалы стол - 10 бірлік, темір шкаф - 1 бірлік.
"Семей орманы" мемлекеттік табиғи орман резерватына 1 бірлік өрт-бақылау мұнарасы мен ғимараттар сатып алынады.
Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерватына орталық кеңсе, бақылау-өткізу пункті және стационарлық-кардондар салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленеді.
Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығының бірлік»Визит-орталық табиғат мұражайы, Алматы мемлекеттік табиғи қорығының электр беру желісіне күрделі жөндеу жасалады .
Алматы мемлекеттік табиғи қорығына 1 бірлік және Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне 1 бірлік»"Лука бюджет" бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алынады.
22 ерекше қорғалатын табиғи аумақ 532 бірлік жазғы нысанды киіммен, 594 бірлік қысқы нысанды киіммен жарақтандырылатын болады.
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 35 маманы біліктілік деңгейін арттырады, көшеттіктерді отырғызу материалы 44,2 млн. данаға көбейеді, 1500 бас қасқыр атып алынады, киіктердің және жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері таралымдарының саны олардың табиғи өсімін молайту деңгейінде сақталады.

Түпкі нәтиже: табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алқабы 7,5 % ұлғаяды, киіктердің және жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің саны тұрақтанады, сондай-ақ олардың таралу аймақтары бойынша олардың таралымдарын сан өсімінің есептік деректерімен тіркелген орнықты даму деңгейіне дейін қалпына келтіріледі.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 1 гектарын қорғау, молықтыру және онда өртке қарсы іс-шаралар жүргізу 789,4 теңгені құрайды.
Уақтылығы: жұмыстар атқарудың, қызметтер көрсетудің және тауарлар сатып алудың бекітілген жоспарларына сәйкес өртке қарсы жұмыстар және ормандарды молықтыру жөнінде іс-шаралар жүргізу, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын өткізу, материалдық-техникалық жарақтандыру және 22 ерекше қорғалатын табиғи аумақтың кадрларының біліктілігін арттыру, Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына сәйкес киіктерді және жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерін сақтау және өсімін молайту үшін нормативтік құқықтық және ұйымдық-шаруашылық шараларын жүргізу.
Сапасы: орман өрттері қамтыған алқаптардың қысқаруы, қазіргі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өздерінің табиғи жағдайында сақталуы, табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерге сәйкес жаңа ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру, жабайы тұяқты жануарлардың сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерінің санын қазіргі бар деңгейде сақтау, киіктер санын 10% көбейту.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N №1220 қаулысына
135-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Нұра-Есіл өзендері алабын қоршаған ортасын оңалту және басқару" деген 041 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1372844 мың теңге (бір миллиард үш жүз жетпіс екі миллион сегіз жүз қырық төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы" 2004 жылғы 26 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : өзен арнасы мен оған іргелес аудандарды сынаппен ластанудан тазарту арқылы Нұра өзені алабы аумағында тұратын халықтың әл-ауқатын жақсарту. Бұл жергілікті су пайдаланушылардың өспелі мұқтаждығын қанағаттандыруға қауіпсіз, тиімді, аз шығынды баламалы сумен қамтамасыз ету көзіне өспелі мұқтаждығын қанағаттандырады, сондай-ақ су тасқынын басқару үшін және экологиялық мақсатта судың шығынын бақылауды жаңартуға мүмкіндік береді.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жоба аумағында судағы, ауадағы, топырақтағы сынаптық мөлшерін азайту; Ынтымақ су қоймасын жобалық көлемді (240 миллион текше метр) реттеу мүмкіндігіне жеткізу үшін қайта жаңарту, қазіргі кезде реттелмейтін жылдық орташа көлемі - 40 миллион текше метр; Нұра өзеніндегі 17 гидрологиялық бекетті және Қарағанды облысының 4 зертханасын техникалық қайта ж а б д ы қ т а у .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 041 | | Нұра-Есіл өзендері алабын қоршаған ортасын оңалту және басқару | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Жоба шеңберінде келісім-шарт бойынша құрылыс жұмыстары: ластанған аумақтарды тазарту, полигон құрылысын салу және оны пайдалану. | Сәуір - қараша | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |
| 3 | | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Жоба шеңберінде құрылыс жұмыстарының келісім-шарты бойынша бірлесе қаржыландырудың бөлігін төлеу; нақтыланған жобаны жасау бойынша кеңесшілердің қызметін төлеу; жоба шеңберінде кеңесшілердің құрылысқа бақылау жасау және құрылыс жұмыстарына техникалық бақылау жасау бойынша қызметіне төлеу; | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоба шеңберінде институционалдық нығайту бойынша қызметке төлеу; ынтымақ су қоймасы құралымы шеңберінде тәуелсіз сарапшылардың қызметіне төлеу; жоба шеңберінде құрылыс жұмыстары бойынша салық және баж салығын төлеу; келісім-шарттар бойынша кеңес беру қызметінің салығын және баж салығын төлеу; жоба шеңберінде сынамаларды алу қызметіне төлеу; операциялар жүргізгені үшін екінші деңгейдегі банктің комиссиясын төлеу; жергілікті кеңесшілердің қызметіне операциялық шығындармен қоса төлеу; валюталық операциялар жасағаны үшін лицензиялық алымды төлеу; аудармашының қызметіне ақы төлеу ; полигон құрылысы уақытындағы уақытша қолдануға бөлінген жерге арендалық төлемді төлеу. | Ақпан - желтоқсан | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: тәуелсіз сарапшылар тобының есебі; медициналық зерттеулер бойынша есеп; жоба шеңберінде жоспарланған құрылыс жұмыстары ауқымының орындалуы; құрылыс жұмыстарына бақылау жасау бойынша есептер; тәуелсіз сарапшылар панелінің Ынтымақ су қоймасы мәселелері бойынша шешімі; медициналық зерттеулер нәтижесі; сынап қалдықтарын көмуге арналған полигон құрылысын бастау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 текше метр сынап қалдықтарын көму құны - 2500 теңге.

Уақтылығы: қызмет көрсетудің және жұмыс берудің алғашқы кестеге сәйкестігі.

Сапасы: топырақтағы, судағы, ауадағы сынаптың мөлшерін мөлшерлі өткізу концентрациясы деңгейіне дейін азайту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 136-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 042

республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 2660451 мың теңге (екі миллиард алты жүз алпыс миллион төрт жүз елу бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарды және агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11 және 17-баптары ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2003-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялы дамуының стратегиясы туралы" 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 жарлығының 7.3.1. -бабы; "Республикалық бюджетінің қаражаты арқылы орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру кейбір сұрақтары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамасын ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 »"2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына арналған концепциясын іске асыру шараларының жоспары туралы" қаулысы ;»"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының кейбір сұрақтары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 қаңтардағы N 1150 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : агроөнеркәсіп кешені салаларын тұрақты дамыту; ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, халықаралық талаптарға сәйкес бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін өндіру; агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі жағдайын талдау және дамуының перспективалық бағыттарын анықтау, әлемдік гендік типтерді пайдалану арқылы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы малдарының гендік қорын жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Өсімдіктердің, жануарлардың және микроорганизмдердің гендік ресурстарын қалыптастыру, зерттеу және сақтау; ауыл шаруашылық, жеміс-жидек, орман құрастыратын және басқа дақылдардың сорттары мен гибридтерін, ауыл шаруашылық жануарлар, құстар, бал ара, балық және микроорганизмдердің тұқымдары, типтері, кросстары мен аталық іздерін шығару; ауыл

шаруашылық дақылдардың сорттары мен гибридтерінің түпнұсқалық тұқым шаруашылығын ұйымдастыру; бүгінгі күннің генетикалық, биотехнологиялық әдістерін жетілдіру және оларды селекция мен биологиялық, химиялық және ветеринариялық препараттарды шығаруда қолдану; дақылдарды өсіру, жасанды орман құру және орман көбейту, экологиялық қауіпсіз және экономикалық жөнділік, ресурс сақтайтын, барынша бейімделген технологияларды және су ресурстарын басқару әдістерін жетілдіру және шығару; мал шаруашылығы экологиялық таза өнімдерін өндіру технологияларын жетілдіру және енгізу; ауыл шаруашылық жануарларының өнімді-асылтұқымды сапасын көтеру; жоғары иммуногендық вакциналарды және жануарлар, құс және балықтардың инфекциялық және паразитарлық ауруларына қарсы препараттарды шығару; бәсекеге қабілетті өндіріс, қайта өңдеу және өнімді сақтау экологиялық таза технологияларды және машиналардың жүйелерін шығару; азық-түлік кешенінің және ауыл аумақтардың тиімді функцияланатын экономикалық механизмдер шығару; Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің жоғарғы ғылыми-зерттеу ұйымдарының және С.Сейфуллин атындағы қазақ мемлекеттік агротехникалық университетінің материалдық-техникалық базасын жаңғырту. Оңтүстік-батыс ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталықтың«Мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты еншілес мемлекеттік кәсіпорнын материалды-техникалық жабдықтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 042 | | Агроөнеркәсіп кешені саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | I. Егіншілік, өсімдік шаруашылығы, орман және су шаруашылықтары салаларында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарды мынадай 11 негізгі бағытта жүргізу, сонымен бірге: 5 жаңа бағытта: 1. Талшық және гендік инженерия, молекулярлық биология және т.б. арқылы жаңа биотехнологияларды қолданып әр түрлі дақылдардың жаңа жоғары өнімді сорттарын шығару және олардың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру. 2. Осы заманғы ақпараттық технологияларды қолдана отырып жаңа, экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өсірудің ылғал қорын сақтаушы жаңа технологияларын әзірлеу.<br>3. Жаңа биотехнология әдістерімен карантиндік түрлерін жою және оқшаулау шараларын қолданып дақылдарды зиянкес организмдерден қорғаудың биологиялық тәсілдерін жетілдіру.<br>4. Негізгі өзен арнасы мен кіші өзендердің су ресурстарын қорғау және құрастырылған пайдалану сызбаларды әзірлеу; трансшекаралық су ағынын оңтайлы басқару методологиялық негіздерін әзірлеу.<br>5. Республикалық орман экожүйелерінің қазіргі заманға сай жағдайын, орман және экологиялық бағалауын жүргізу.<br>6 жалғасатын бағытта:<br>1. Ауыл шаруашылығы және басқа дақылдардың генқорын сақтау, қалыптастыру, толықтыру, зерделеу, сақтауын ұйымдастыру және ақпараттық банкін құру.<br>2. Дәстүрлік селекция негізінде әр түрлі дақылдардың жаңа жоғары өнімділік сорттарын шығару және олардың тұқым шаруашылығын ұйымдастыру.<br>3. Қазіргі заманға сай және жаңа технологияларын жетілдіру және әзірлеу арқылы өсімдік шаруашылығын диверсификациялау және жер құнарлылығының теориялық негізде ұдайы өндіру арқылы экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсізді ылғал қорын сақтаушы ауыл шаруашылығы дақылдарын егіп өсіру.<br>4. Республиканың әрбір агроэкологиялық аумағында кездесетін зиянды организмдердің түр құрамын, экологиялық өзгешеліктерін зерделеу және олардың зияндылығын анықтау; шаруашылықты жүргізудің жаңа қалыптарына өтуге байланысты агроэкожүйелердің фитосанитариялық тұрақтылығын жоғарылату мақсатында теориялық негіздерін әзірлеу.<br>5. Су шаруашылығын оңтайлы басқару үшін методологиялық | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | негіздерін әзірлеу; суландыру жүйесінде суару және су тарату, механикалық құрылғыларын, машиналарын, техникалық жабдықтарын, технологияларын және су көтеру техникасын автоматтандыру.<br>6. Орман шаруашылығы мен қорғайтын орман өсіру, ормантану және орманды жағадан өндіру теориялық негіздерін жетілдіру және оларды техникамен қамтамасыз ету.<br>II. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және сақтау салаларында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарды келесі 6 негізгі бағыттарда жүргізу, соның ішінде: 2 жаңа бағытта:<br>1. Экологиялық қауіпсіз ылғал қорын сақтау биотехнологиясын және қоршаған ортаны қорғауға арналған микроорганизмдердің ген қорын қалыптастыру және сақтау.<br>2. Пайдалануға дайын жоғары дәрежелі азық өнімін және азық қосымшаларын құру.<br>4 жалғасатын бағытта:<br>1. Қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібінде қолдану үшін микроорганизмдердің генқорын қалыптастыру және сақтау.<br>2. Өсімдік және мал шаруашылығының шикізаттарын қайта өңдеу және сақтау үшін қазіргі заман технологияларын және технологиялық жабдықтарын жетілдіру.<br>3. Әр түрлі ауылшаруашылық малдар, құстар және балықтар түрлеріне арналған құрама азық және азықты қосымшаларын өндіру үшін тиімді технологияларын әзірлеу.<br>4. Көпшілік пайдалану үшін және емдеу-сақтандыру бағытына және болашағы төмендеу халықтың тобына, оның ішінде балалар мен сәтсіздік экологиялық аудандардың тұрғындарына арналған ұлттық өнімдерді және жаңа ұрпақты денсаулық азықтарын бағытталған құрамының өзгеруімен құру.<br>III. Мал шаруашылығы және медициналық ветеринария | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саласында қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын келесі 7 негізгі бағыты бойынша жүргізу, соның ішінде: 5 жаңа бағытта: 1. Иммуногенетикалық мониторингті пайдалану негізінде ауыл шаруашылығы малдарының популяциясының және тұқымдарының генетикалық құрылымын иммуногенетикалық талдау тәсілдері арқылы зерттеу. 2. Ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың аз және құрып бара жатқан түрлерін, тұқымдарын, сүлелерін, желілерін және кросстарының биоматериалдарын (эмбриондар мен гаметалар) банктерін жасау және жоғары өнімді, аса құнды генотиптерін жеделдетіп шығарудың мал өсіру бағытындағы биотехнологиясын жетілдіру. 3. Иммунологиялық және эпизоотологиялық мониторинг әдістемелерін әзірлеу және емдеу-профилактикалық, диагностикалық вакциналарды жасау, ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың инфекциялық ауруларының қоздырғыштарының генетикалық және иммунобиологиялық қасиеттерін зерттеу. 4. Тиімді терапевтикалық, емдеу-профилактикалық және дезинвазия құралдарын жаңа дәрілердің нысандары мен препараттарын жетілдіру арқылы, сонымен қатар жергілікті өсімдіктер мен минералдарды пайдалану негізінде әзірлеу. 5. Ауыл шаруашылығы малдарының және құстардың инфекциялық, жұқпалы және жұқпайтын ауруларының диагностикалық, профилактикалық және терапиялық биопрепараттарын алудың биотехнологиялық әдістемелерін әзірлеу. 2 жалғасатын бағытта: 1. Отандық және әлемдік | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | генофондты пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы малдарының, құстардың және балықтардың жаңа тұқымдарын, сүлелерін, желілерін, кросстарын шығару және бар малдардың асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін арттыруды жетілдіру.<br>2. Экологиялық таза сиыр, қой, жылқы және шошқа еттерін өндірудің прогрессивтік технологиясын әзірлеу негізінде жергілікті аймақтарға қолайлы күтіп баптау және азықтандыруды ескере отырып оңтайлы технологиясын шығару.<br>IV. Ауыл шаруашылығын механикаландыру саласында қолданбалы ғылыми және тәжірибе конструкторлық зерттеулерді 3 негізгі бағыттары бойынша жүргізу, соның ішінде:<br>1 жаңа бағытта:<br>1. Ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу, ескірген тетіктерін қалпына келтіру және технологиялық қызмет көрсету үшін наноматериалдар пайдалану арқылы жаңа ресурс үнемдеу технологиялар мен құралдарды әзірлеу.<br>2 жалғасатын бағыттар:<br>1. Егіншілік және мал шаруашылығы салаларында баптау және малды ұстау жүйесінің аймақтық жағдайына қарап ресурс үнемдеу және бәсекелестікке төтеп бере алатын технологиялар және машиналар жүйесін әзірлеу, соның ішінде қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдалану, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу; шалғайдағы фермерлік шаруашылықтарды энергия және сумен жабдықтау, еңбек және материалдық шығындарды үнемдейтін құралдарын әзірлеу.<br>2. Республикалық әрқилы жер-климаттық жағдайына қарай отандық және шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларын мемлекеттік сынау, сертификациялау және ұсыныстар әзірлеу.<br>V. Ауыл шаруашылығы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | экономикасы саласында қолданбалы ғылыми-зерттеулерді 5 негізгі бағыттар бойынша жүргізу, соның ішінде: 2 жаңа бағытта: 1. Агроөнеркәсіп кешенінің 2015 жылға дейін дамуының болжауын әзірлеу. 2. Қазақстан агроөнеркәсіп кешенінде аумақтық-салалық кластерлерді ұйымдастыру экономикалық негіздерін қалыптастыру. 3 жалғасатын бағыттар: 1. Ауыл шаруашылығын дамытудың стратегиялық бағыттарын, қайта өңдеу жүйесінің және оның салаларының материалдық-техникалық жабдықтау мен қызмет көрсетудің ғылыми негіздерін әзірлеу. 2. Агроөнеркәсіп кешенінің көпсатылы экономика жағдайында, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп құрылымдарын кооперациялау және интеграциялау, жерді нарық кезеңінде ұқыпты пайдаланудың тиімділігінің экономикалық механизмін әзірлеу. 3. Ауыл тұрғындарының өмір сапасының индикаторларын қалыптастыру, ауылдық аумақтарды дамыту, еңбек қатынастарын, ауыл халқын оптималді орналастыру және жұмыспен қамтудың ғылыми негіздерін әзірлеу. VI. Мемлекеттік ғылыми-зерттеу экспертизасын өткізу қызметін өтеу. VII. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен бекітілген қаржыландыру ретіне және тізімге сәйкес, ғылыми-зерттеу ұйымдар мен С. Сейфуллин атындағы мемлекеттік агротехникалық университетіне ғылыми қондырғылар мен жабдықтар және ауылшаруашылық техникалар сатып алу үшін күрделі трансферт аудару. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 1000 бастан көп жануарлардың және 112,0 мың нұсқаға жуық өсімдіктердің гендік қоры көбейтіледі, зерттеледі және құжатталады; ауыл шаруашылығы, жеміс-жидек

және басқа дақылдарының жоғары өнімдік жаңа 30 сорты мен гибридтері шығарылады және мемлекеттік сынаққа жіберіледі; ауыл шаруашылығы жануарларының, құстардың , араның және балықтардың жоғары өнімдік 3 типтері мен 4 аталы іздері шығарылады; ауыл шаруашылығы және басқа дақылдарын өңдеу экологиялық қауіпсіз және экономикалық маңызды, ресурс сақтайтын, барынша бейімделген технологиялар әзірленеді және жетілдіріледі; орман қалыптастыру және орман көбейтудің жасанды технологиялары және су ресурстарын басқару әдістері әзірленеді және тен жануарларды, құсты, араны және балықты ұстау технологиялары жетілдіріледі; 2 өсімдік шаруашылығы және 3 мал шаруашылығы салаларына арналған ресурс сақтайтын және бәсекеге қабілетті жүйелер, технологиялар және машиналар әзірленеді және жетілдіріледі; 6 жуық тамақтың жаңа таза өнімдерін өндіру технологиясы, 5-ке жуық ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтаудың және қайта өңдеу технологиялары әзірленеді; қоршаған ортаны қорғау және ресурс сақтайтын экологиялық қауіпсіздік технологияларын қолдану үшін микроорганизмдердің гендік қоры қолданылады, қалыптастырылады және 10-ға жуық жобалармен толықтырылады; АӨК салаларында динамикалық дамуын қамтамасыз ететін 4-ке жуық ғылыми әдістемелер, экономикалық және ұйымдастыру шаралары әзірленеді.

Ғылыми-зерттеу ұйымдар мен С.Сейфуллин атындағы мемлекеттік агротехникалық университетіне 54 ғылыми жабдық пен техника атауларын, 18 ауыл шаруашылығы техникасын, 11 техникалық және станоктік жабдық және су техникаларын сатып алуға күрделі трансферт аудару.

Жетекші асыл тұқымдық зауыттарда жануарлардың жаңа генотиптерін көбейтуге арналған асыл тұқымды репродукторлар жасалады және жоғары өнімді аталық іздер салынады.

Қазақстанның солтүстік өңірлеріндегі асыл тұқымдық табындарында аталық таналарды 8 айдан 15 айға дейін орташа тәуліктік өсімі интенсивті өсіруде 1000 граммға жуық, 12 айдан - 15-18 айға дейін жайылымда 700-900 граммға жуық болатын жаңа зауыттың аталық іздері салынады.

Импорттық генофонның жергілікті биязы жүнді және етті-майлы қойлардың тұқымдары мен типтерінде пайдалануы олардың генетикалық әлеуетін көтереді және қой шаруашылығы өнімінің сапасын жақсартады.

Жыл сайын әрбір жоғары өнімді бұқалардың қатырылған ұрығының 1000-ға жуық дозалары дайындалады.

Түпкі нәтиже:

өңірдің табиғи-климаттық жағдайларының лайықтылығында қолданбалы ғылыми зерттеулердің жүргізілуі:

ауыл шаруашылығы жануарлардың, құстардың, балықтың және араның жоғары өнімді тұқымдары, типтері мен аталық іздерін шығару арқылы мал шаруашылығы өнімінің көлемін орташа 5-7 пайызға дейін көтерілуіне;

ауыл шаруашылығы, жеміс-жидек және басқа дақылдардың жоғары өнімді сорттары мен гибридтерін шығару арқылы өсімдік өнімінің орташа 15-20 пайызға дейін көтерілуіне;
ауыл шаруашылығы жануарларының, құстың, балықтың және араның ресурс және энергия сақтайтын баптау және көбейту технологияларын әзірлеу арқылы мал шаруашылығы өнімін өндіруінің тиімділігі 3-4 пайызға дейін көтерілуіне;
егін шығымдылығын өсуінің 5-10 пайызға дейін, еңбек шығынның 20 пайызға дейін, жағар-жанар май материалдарының шығынын 30 пайызға дейін төмендеуін қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы және басқа дақылдардың экологиялық қауіпсіз және экономикалық жәнділік, ресурс сақтайтын, барынша бейімделген өсіру технологияларды әзірлеу арқылы егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласының өнімінің өндірудің тиімділігінің көтерілуіне;
су ресурстарын басқаруының әдістерін әзірлеу арқылы су және жер ресурстарын қолдану тиімділігін 15-20 пайызға дейін көтерілуі қамтамасыз етуіне;
агроөнеркәсіп кешенінің салаларына арналған ресурс сақтайтын жүйелерін, технологияларын және машиналарын шығару арқылы ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін және қайта өңдейтін кәсіпорындарының рентабельділігін қамтамасыз етуіне, себепші болады.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: АӨК-нің саласындағы бір тақырыпта жүргізілетін қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстық орташа құны 4782,6 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: жыл ағымында жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар ғылыми-зерттеу ұйымдардың ғылыми кеңестерінде бекітілген бағдарламаларға және методикаларға, сонымен қатар күнтізбелік ғылыми-зерттеу жұмыстардың жоспарларына сәйкес жүргізіледі; бағдарламаның шегінде сатып алынатын лабораториялық құралдар және жаңа үлгідегі жабдықтар ғылыми жасауларды тиісті және сапалы деңгейде жасалуын қамтамасыз етеді. Басым әлемдік генотиптерді қолдану негізінде асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарлардың өнімділік сапасы әлемдік стандарттарға сәйкес көтеріледі және мал мен құс шаруашылығы өнімінің сапасы және бәсекеге қабілеттігі жақсарады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
137-ҚОСЫМША

*Ескерту. 137-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**212-Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарлама әкімшілігі

2007 жылға арналған
043 "ҚазАгро Ұлттық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту" деген республикалық бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 27275600 мың теңге (жиырма жеті миллиард екі жүз жетпіс бес миллион алты жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 16-бабы ;»" Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңының 11, 36, 53-баптары ; "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 3 , 6 , 9 , 10, 11, 14, 15-баптары ;»"Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы ;»"Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру жөніндегі»Іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 қыркүйектегі N 66 өкімі ;»"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысы ;»"Аграрлық секторға кредит беру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қаңтардағы N 137 қаулысы ; "Мал өнімдері корпорациясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 қыркүйектегі N 1168 қаулысы ; "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 ақпандағы N 220 қаулысы ; "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру жүйесінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының аграрлық өнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ;»"2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының аграрлық өнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беру үшін шағын кредит ұйымдарының желісін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 сәуірдегі N 337 қаулысы ;»"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 41 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің

қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауылдық кредит серіктестіктерінің тиімді жүйесін одан әрі дамыту;

қаржылық жағдайы тұрақты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды жеңілдетілген кредит ресурстарымен қамтамасыз ету;

ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеу, сақтау және өткізу мәселелерін бірлесіп шешу мақсатында, ауылда тиімді инфрақұрылым қалыптастыруға көмек көрсету, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау;

өндіріс тұрақтылығының негізгі шарты және оның өнімдеріне баға деңгейін қолдаудың сенімді тетігі болып табылатын өндіріс теңгеріміне қол жеткізу және өткізу мақсатында ауыл шаруашылығы өнімін және оны өңдеу өнімдерін сату көлемін ұлғайту үшін қажетті жағдай жасау;

ауыл халқының тұрмыс жағдайын жақсарту және жұмыспен қамтамасыз ету үшін ауылда ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлерін дамыту бойынша тиімді инфрақұрылым қалыптастыру;

мал өнімдері экспортының нарығын кеңейту;

агроөнеркәсіп кешенінде бюджет қаражатын инвестициялаудың нарықтық тетіктерін пайдалану негізінде аграрлық азық-түлік секторының тиімді жүйесін қалыптастыру;

ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ақпаратты-маркетингтік және консультациялық қолдау көрсету;

жаңадан құрылған»"ҚазАгро" Ұлттық холдингі" акционерлік қоғам қызмет етуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жеңілдікті кредит ресурстарымен қамтамасыз етілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды 20 пайызға дейін ұлғайту;

сату, сақтау және қайта өндіру бойынша инфрақұрылым дамуын ынталандыру, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау;

кредит беру жүйесін жетілдіру арқылы, аграрлық өнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған және импорттың орнын басатын өндірісін дамытуға бағытталған экономиканың аграрлық секторын оңтайлы мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз ету;

ауылда шағын бизнесті әрі қарай дамыту үшін жеңілдікті кредит ресурстарымен ауыл кәсіпкерлерін қамтуды ұлғайту;

агроөнеркәсіп кешені субъектілерін лизингтік негізде қазіргі заманғы және жаңа ауыл шаруашылығы техникасымен, арнайы техникамен және технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету арқылы, сонымен қатар ауыл шаруашылығы және балық

өнімін қайта өңдеу бойынша жабдықтар сатып алуды қаржыландыру арқылы инфрақұрылым жүйесін ұйымдастыру;

өндіру (өсіру) және қайта өңдеудің қазіргі заманғы технологияларды пайдалану негізінде қазақстандық ауыл шаруашылығы және балық өнімінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

Баку портында диірмен кешенін салуды қаржыландыру, Ақтау портындағы астық терминалының тиеу жабдығын жаңарту;

сыртқы мал өнімі рыноктарының мониторингі және қазақстандық өнімге сұраныс қалыптастыру жолдары:

аукциондар мен жәрмеңкелерге және көрмелерге қатысу;

мал өнімдерін сыртқы рыноктарға шығару үшін, жарнама ақпарат жұмыстарын жүргізу;

мал өнімдерінің қазақстандық брендін қалыптастыру және ұлғайту;

мал өнімінің экспорты және отандық мал өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру және оны сыртқы рыноктарға шығару жолдары:

- дайындау пункттары және ауыл шаруашылығы малдарын бордақылау алаңдары жүйесін ұйымдастыру арқылы мал өнімін өндіруді және оны қайта өңдеу жөніндегі жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру;

- заңды тұлға құрмай бірлесіп әрекет жасау шартымен мал өнімін қайта өңдейтін кәсіпорындарды үшінші тараптар ретінде қатыстырып мал өнімін дайындауды және қайта өңдеуді ұйымдастыру;

- астық қолхаттарын ұстаушылардың құқығын және заңды мүдделерін қорғауды және астық саласында инвестициялық белсенділіктің өсуін қамтамасыз ету;

- өз бизнесін құру және дамыту үшін экономикалық белсенді ауыл халқын шағын кредиттермен қамтамасыз ету;

- ауыл халқына кәсіпкерліктің негіздерін және шағын кредитті экономикалық тиімді пайдалануды оқытуды ұйымдастыру;

- ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне ақпараттық-маркетингтік және консультациялық қолдауды кеңейту;

- ауылшаруашылық саласында аналитикалық зерттеу жүргізу;

- "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының әкімшілік шығындарын жабу және негізгі жабдықтарды сатып алу;

- техникалық-экономикалық негіздеме жасау және 2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалар үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар - лама коды | Кіші бағдарлама- лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс- шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын- даушы- лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 043 | | "ҚазАгро" Ұлттық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту | "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын заңнамамен белгіленген тәртіпте ұлғайту жөніндегі шаралар: ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін ауыл шаруашылығы өндірісі мен өнеркәсібіне ауылдық кредит серіктестіктер жүйесі арқылы кредит беру; ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сақтау, жабдықтау және қайта өңдеу жөніндегі инфрақұрылымға кредит беру; тауарлы-материал-дық құндылықтармен жабдықтау; ауылдық жерлерде ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне кредит беру. "Қаз-АгроҚаржы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын, кейіннен лизингке беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, технологиялық жабдықтарды, арнайы техниканы, сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенінің субъектілеріне арналған ауыл шаруашылығы және балық өнімін қайта өңдейтін жабдықтарды сатып алуды қаржыландыру үшін ұлғайту. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту: Ақтау портындағы астық терминалының өткізу мүмкіндігін арттыру; Баку портында (Әзірбайжан Республикасы) диірмен кешенін салуды қаржыландыру; 2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалардың, оның ішінде Потидағы (Грузия) және Амирабадтағы (Иран) астық | Қаңтар-желтоқ- сан | Қазақс-тан Респу-бликасы Ауыл шаруа-шылығы министр-лігі |

терминалдарының құрылысының, биодизель өндірісі, биоэтанол мен мақталықтың сорттық тұқым материалы бойынша зауыттың құрылысының, ауыл шаруашылық өнімдерінің көтерме сауда базарының құрылысының техникалық-экономикалық негізде- мелерін және ұшқыр және инвестициялық жобалар үшін жобалық-сметалық құжаттарын дайындау«"Мал өнімдері корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:
дайындау пункттерін желісін дамыту арқылы мал өнімдерінің экспорт инфрақұрылымын қалыптастыруға;
Корпорацияның орталық аппаратына кеңсе сатып алуға;
мал өнімдерін сатып алуды ұйымдастыру, өткізу және импортты алмастыратын мал өнімдерін өндіру, өңдеу, тасымалдау, сақтау және ішкі және сыртқы нарықтарда мал өнімдерін, оның өңделген өнімдерін сатуға;
2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалардың, оның ішінде дамыған экспорт инфрақұрылымымен бордақылау алаңдарын құру бойынша техникалық- экономикалық негіздемелерін және ұшқыр және инвестициялық жобалар үшін жобалық-сметалық құжаттарын дайындау;
Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көлемін ұлғайту үшін "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын көбейту. Заңнамада белгіленген тәртіппен ауыл халқына шағын кредит беру үшін "Ауыл шаруашылы- ғын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) жарғылық капиталын ұлғайту:<br>- ауыл халқына шағын кредит беруге;<br>- ауыл халқына ары қарай шағын кредит беру үшін шағын кредит беретін ұйымдарға кредит беру;<br>- ауыл халқына кәсіпкерлік негіздерін оқытуды ұйымдастыру және Қор кадрларының біліктілігін көтеруге;<br>- қордың материалдық- техникалық базасын дамытуға;<br>- жаңа құрылған микронесиелік ұйымдардың жарғылық капиталына үлестік қатынасы. "ҚазАгро" ұлттық холдингі акционерлік қоғамының әкімшілік шығындарын жабу және негізгі жабдықтарды сатып алу үшін акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыру; ауылшаруашылық саласында аналитикалық зерттеулер жүргізу. "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамының жарғылық қорын ұлғайту: "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамының облыстық өкілеттіктеріне ғимарат (ғимарат) сатып алуға; методикалық орталық құруға; 2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық жоба бойынша көрме-жәрмеңке кешенінің құрылысының техникалық-эконо- микалық негіздемелерін және ұшқыр және инвестициялық жобалар үшін жобалық-сметалық құжаттарын дайындау. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту.

Тікелей нәтиже: жеңілдікті кредит ресурстарымен қамтамасыз етілген ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды 20% дейін ұлғайту;

ауылдық тұтынушы кооперативтер және жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде ауыл шаруашылық бірлестіктерді құру және көтермелеу;

ауылда шағын бизнесті әрі қарай дамыту үшін жеңілдікті кредит ресурстарымен ауыл кәсіпкерлерін қамтуды ұлғайту.

Түпкі нәтиже: ауылдық кредит серіктестіктері жүйесін әрі қарай дамыту үшін жағдай жасау және жеңілдігі бар кредит ресурстарымен қамтамасыз ету;

жеңілдікпен кредит беру арқылы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен ауылдық тұтынушылар кооперативтері түрінде ауыл шаруашылық бірлестіктерін көтермелеу;

ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, қайта өңдеу, сақтау және өткізу жөніндегі инфрақұрылым субъектілеріне кредит беру арқылы экономиканың аграрлық секторын оңтайлы мемлекеттік қолдаумен қамтамасыз ету, тауарлы-материалдық құндылықтармен жабдықтау;

жеңілдікпен кредит ресурстарын беру арқылы ауылда шағын бизнес объектілерінің санын ұлғайту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мынадай бағыттар бойынша бюджет қаражатын игеру жоспарын орындау:

ауылдық кредит серіктестіктеріне кредит беру - 6 508,9 млн. теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі инфрақұрылымға, тауарлы-материалдық құндылықтармен жабдықтауға кредит беру - 2 000 млн. теңге;

ауылдық жерде ауыл шаруашылығынан тыс кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне кредит беру - 1 000 млн. теңге.

Уақтылығы: 2007 жылғы қыркүйектің соңына дейін ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін ауыл шаруашылығы өндірісіне және өнеркәсіпке кредит беру;

2007 жылғы қарашаның соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сақтау және қайта өңдеу жөніндегі инфрақұрылымға, тауарлы-материалдық құндылықтарды жабдықтауға кредит беру;

2007 жылғы желтоқсанның соңына дейін ауылдық жерде ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызметтің түрлеріне кредит беру.

Сапасы: тиімді ауылдық кредит серіктестіктерінің желісін құру;

импорттық ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін азайту және экспорт үлесін ұлғайту;

ауылда ауыл шаруашылығынан тыс бизнесті дамыту бойынша тиімді инфрақұрылым қалыптастыру.

"ҚазАгроҚаржы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту.

Тікелей нәтиже: машина-трактор паркін және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін жабдықтарды 6,3%-ға жаңарту;

ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу бойынша бәсекеге қабілетті өндірісті құру;

нақты және моральды тұрғыдан ескірген машина-трактор паркін қысқарту.

Түпкі нәтиже: қазақстандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер өнімінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлату;

отандық тауарлардың сапасын және бәсеке қабілеттілігін жақсарту есебінен ауыл шаруашылығы қайта өңдеу өнімдерінің импорт алмастыру деңгейін жоғарлату.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын өндірудің және өнімділіктің көлемін жоғарлату;

өнімділігі жоғары техниканы қолдану есебінен өнімді жинау кезіндегі болатын шығындарды төмендету;

ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу саласында жаңа технологиялардың дамуы;

жаңа жоғарғы технологиялық ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды қолдану есебінен еңбек өнімділігін жоғарлату;

аграрлық сектордың машина-трактор паркін ауқымды жаңарту және оған техникалық қызмет көрсету (кепілдік және кепілдіктен кейінгі) бойынша тұрақты қызмет ететін және нәтижелі инфрақұрылымды құру.

Уақтылығы: ауыл шаруашылығы техникасы тиісті ауыл шаруашылық агротехнологиялық операцияларды іске асырудың басталуына жеткізіледі.

Сапасы: техниканы және жабдықтарды агроөнеркәсіп кешендерінің қаржылық тұрақты субъектілеріне ғана беру мүмкіндігінің болуы;

техника және жабдықтар агроөнеркәсіп субъектілерінің қажеттіліктеріне сәйкес сұранымдар бойынша жеткізіледі;

ауыл шаруашылығы техникасын және жабдықтарды сатып алу, негізінен, тікелей өндіруші зауыттарда нарықтық бағалардан төмен бағамен және кепілдік қызметпен сатып алынады.

"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: Ақтау портындағы астық терминалының өткізу мүмкіндігін арттыру;

Баку портында диірмен кешенін салу;

2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалардың, оның ішінде Потидағы (Грузия) және Амирабадтағы (Иран) астық терминалдарының

құрылысының, биодизель өндірісі, биоэтанол мен мақталықтың сорттық тұқым материалы бойынша зауыттың құрылысының, ауылшаруашылық өнімдерінің көтерме сауда базарының құрылысының техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалық-сметалық құжаттарын дайындау.

Түпкі нәтиже: Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктерін арттыру, Ақтау, Баку порттарындағы астық терминалдары теңіз жолдарымен тасымалдау кезінде астықты Каспий өңірі аймағындағы елдерге және олар арқылы транзитпен Грузияға, Молдавияға және еуропалық елдерге үздіксіз асыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, қазақстандық астық экспорттаушыларының мүмкіндіктерін кеңейтеді, Қазақстан Республикасы экономикасының бүкіл астық секторының тұрақтануы мен дамуына септігін тигізеді, Әзірбайжанға, Грузияға Қазақстандық астықты экспорттау және осы елдерде қазақстандық астықтың қайта өңдеу өнімдерін сату.

2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалардың, оның ішінде Потидағы (Грузия) және Амирабадтағы (Иран) астық терминалдарының құрылысының, биодизель өндірісі, биоэтанол мен мақталықтың сорттық тұқым материалы бойынша зауыттың құрылысының, ауылшаруашылық өнімдерінің көтерме сауда базарының құрылысының техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалық-сметалық құжаттарын бекіту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: Ақтау портындағы терминалдың нақты өткізу мүмкіндігін жылына 500-600 мың тонна астыққа дейін арттыру (қазіргі өткізу мүмкіндігі - жылына 300-350 мың тонна), бұл қазақстандық астықтың экспорттау киімдерін арттыру үшін қажет;

тақау жылдарда Әзірбайжан Республикасына жыл сайын, тұрақты түрде шамамен 100 мың тонна астықты экспортқа шығарып отыру, жыл сайын Әзірбайжан рыногы үшін 25-тен 75 мың тоннаға дейін астықтың әртүрлі жоғары сапалы қайта өңдеу өнімдерін өндіру, Баку портындағы астық қабылдау терминалының құрылысы мен жабдықталуын 0,4 млрд. теңге сомасына қаржыландыру»"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамының әзірбайжан тарапымен бірлескен кәсіпорынға қатысуын 50%-ға қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Уақтылығы: Іс-шаралар жоспарын құрылыс кестесіне сай жүргізу.

Сапасы: Ақтау теңіз портындағы астық терминалының өткізу мүмкіндігін арттыру;

Ақтау портындағы астық терминалының тақау онжылдықтарда астықты Каспий өңірі мен Кавказ күнгей елдеріне экспортқа шығару жөніндегі негізгі асыру пунктына айналуы мүмкіндігі бар;

Баку портында диірмен кешенін салу;

"Мал өнімдері корпорациясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту.

Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылық өндірушілеріне, ауыл тұрғындарына және өңдеу өнеркәсіптеріне, қызмет көрсетуді ұлғайту және жаппай өндіру кезеңінде мал

өнімдерін дайындауды және өңдеуді төмен бағамен жүзеге асыру;
отандық мал өнімдерінің экспортының үлесін ұлғайту, оның көлемін экспортта ет бойынша жеткізу - 25%, сүт өнімдері - 35%, жүн - 8% және мал терісі - 11% дейін;
дайындау және мал өнімдерінің өндірісін ұйымдастыру өздігімен оны сатып алу, оның үлесін өндірісте жеткізу ет бойынша - 0,7%, сүт - 1,6%, жүн - 5,1% және де мал терісі - 7,1% дейін;
Корпорацияның импортты алмастыратын өнімдерінің өндірісін ұйымдастыру үлесін республика бойынша ұлғайту:
сары май - 10%, құрғақ сүт - 50%, ірімшік және сүзбе - 7% дейін;
жүн, тері дайындау бойынша 16 пункттер ұйымдастыру жолымен мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық инфрақұрылымын қалыптастыру.
2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалардың, оның ішінде дамыған экспорт инфрақұрылымымен бордақылау алаңдарын құру бойынша техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалық-сметалық құжаттарын дайындау .
Түпкі нәтиже: аграрлы-өнеркәсіп кешені малшаруашылық секторының, бәсекеге қабілеттілігін тиімділігін дамыту және арттыру.
2008 жылы жүзеге асырылатын инвестициялық және ұшқыр жобалардың, оның ішінде дамыған экспорт инфрақұрылымымен бордақылау алаңдарын құру бойынша техникалық-экономикалық негіздемелері мен жобалық-сметалық құжаттарын дайындау .
Қаржылық-экономикалық нәтиже: бюджеттік қаржының бөлінуі мал өнімдерін сатып алуды екі есеге ұлғайтады және мал өнімдерінің экспорттық потенциалын көтереді;
импортты алмастыратын өңделген мал өнімдерін өндіруді өсіру.
Уақтылығы: мал өнімдерін сатып алуды және өндірістік өңдеуді 2007 жылдың желтоқсан айына дейін ұйымдастыру.
Сапасы: ауылшаруашылық тауар өндірушілер мен ауыл тұрғындары өңдеу кәсіпорындарына делдалсыз мал шикізатын және өнімдерді өткізу мүмкіндігін алады, сонымен қатар ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің табысын ұлғайтады;
мал өнімдерін дайындау, өңдеу, сақтау үшін дайындау инфрақұрылымын дамыту;
бәсекелесе алатын импортты алмастыру өнімдерді өндіруді ұйымдастыру;
импорттық мал өнімдерінің үлесін төмендету және экспорттың үлесін ұлғайту.
"Астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын көбейту.
Тікелей нәтиже: қордың қатысушылары - астық қабылдаушы кәсіпорындардың астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру көлемін көбейту.
Түпкі нәтиже: астық қолхаттарын кепілге қою арқылы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді өнім жинағаннан кейінгі несиелендіру көлемін ұлғайту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: қорға қатысушылар - астық қабылдау кәсіпорындарындағы 2500,0 мың тонна мөлшеріндегі астықтың сақталуын қамтамасыз ету.

Уақтылығы: республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражаттарын толықтай және дер уақытында игеру.

Сапасы: қордың қатысушылары - астық қабылдау кәсіпорындарындағы астық сапасының төмендеу немесе оны жоғалту фактілеріне жол бермеу және астық қолхаттары бағдарламасы бойынша несиелендіру көлемін көбейту.

"Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:

Тікелей нәтиже: қор филиалдары арқылы шағын кредит алған үй шаруашылығының саны: 2007 жылы - 9 692 адам, 2008 жылы - 16154 адам;

кәсіпкерліктің негіздерін үйренген ауыл халқының санын ұлғайту 2007 жылы - 26 000 адам;

шағын кредиттік ұйымдардың желісін ауылдық жерлерде құру және дамыту.

Түпкі нәтиже: ауыл халқының табысын ұлғайту, қосымша жұмыс орындарын құру, ауыл халқының кәсіпкерлік қабілетін жетілдіру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: 1 қарыз алушыға шағын кредит беру бойынша Қордың шығындары: 2007 жылы - 7,5 мың теңге, 2008 жылы - 5,3 мың теңге.

Уақтылығы: республикалық бюджеттен бөлінген бюджетті қаражатты игеру;

жоспарға сәйкес өткізілген семинарлардың саны: 2007 жылы - 1300.

Сапасы: үй шаруашылығын Қор филиалдары арқылы шағын кредитпен қамту: 2007 жылы - 0,9%, 2008 жылы - 1,6%.

"ҚазАгро" Ұлттық холдингі акционерлік қоғамының жарғылық капиталын құру:

Тікелей нәтиже: жоғары кәсіби мамандарды жалдау, материалдық-техникалық құндылықтарды (кеңсе жиһазы, көлік, ұйымдастыру техникасы және тағы басқа) және қызметтерді (кеңсе жалдау, коммуналдық қызметтер және тағы басқа) сатып алу;

ауылшаруашылық саласында аналитикалық зерттеулер жүргізу.

Түпкі нәтиже:»"ҚазАгро" Ұлттық холдинг" акционерлік қоғамының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету, арнайы ұйымдарға қаржылық және басқару менеджментін жүзеге асыру, арнайы ұйымдардың»"ҚазАгро" Ұлттық холдинг" акционерлік қоғамына берілген қызметін ынталандыру, ауыл шаруашылық өнеркәсібінің дамуында басыңқы және әлеуетті текшелерді анықтау.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: синергетикалық тиім есебінен аграрлық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру.

Уақыттылығы: белгіленген мерзімдерде»"ҚазАгро" Ұлттық холдинг" акционерлік қоғамына жүктелген мәселелерді орындау және шұғыл шығындарды жабу.

Сапасы: корпоративті басқару және траспаренттік принциптер негізінде мемлекеттік басқаруды модернизациялау.

"Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайту:
Тікелей нәтиже: 16 облыстық өкілдерге ғимарат сатып алу және әдістемелік орталық құру арқылы "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамының жүйесінің тиімді жұмыс атқаруын қамтамасыз ету.

2008 жылы жүзеге асырылатын көрме-жәрмеңке кешендерінің құрылысының инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық және жобалық-сметалық құжаттарын дайындау.

Түпкі нәтиже: агроөнеркәсіп кешенінің субъектілері ақпарат көздеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

ауыл тұрғындары және агроөнеркәсіп кешенінің субъектілері ақпараттандырылуы және білім деңгейін жоғарлату.

2008 жылы жүзеге асырылатын көрме-жәрмеңке кешендерінің құрылысының инвестициялық жобалар бойынша техникалық-экономикалық және жобалық-сметалық құжаттарын бекіту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже:»"Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамының облыстық өкілдіктері шығыны деңгейін 10% төмендету;

ауыл тұрғындары және агроөнеркәсіп кешенінің субъектілеріне қосымша ақпарат көздерін алуға қамтамасыз етуді ұйымдастыру жолымен кәсіпкерлік ортаның бастауларына іске асыруға қолайлы жағдай жасау;

"Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамымен ұсынылып отырған қызметтердің жылдамдығы мен сапасын арттыру;

Уақтылығы: іс-шаралар жоспары бойынша бюджеттік бағдарламаның жүзеге асырылуын бекітілген уақытта атқару.

Сапасы: агроөнеркәсіп кешенінің дамуының негізгі бағыттары бойынша ауыл тұрғындары мен агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің ақпаратты-маркетингтік және кеңестік қызметтерін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
138-ҚОСЫМША

*Ескерту. 138-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Ормандарды сақтау және республиканың орманды аумақтарын көбейту" деген 044 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 95314 мың теңге (тоқсан бес миллион үш жүз он төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы» Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 1 сәуірдегі Заңы ;»Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту жобасы) және Қазақстан Республикасы мен Ғаламдық экологиялық қордың атқарушы ұйымы ретінде қатысушы Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Траст-қордың гранты туралы келісімді (Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту жобасы) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 маусымдағы Заңы ; "2005-2007 жылдарға арналған»"Жасыл ел"»бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімге (Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту жобасы) және Қазақстан Республикасы мен Ғаламдық экологиялық қордың атқарушы ұйымы ретінде қатысушы Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы траст-қордың гранты туралы келісімге (Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту жобасы) қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 қазандағы N 984 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республиканың орманды алқаптарын сақтау және қалпына келтіру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жобаны үйлестіру, орман шаруашылығы секторында консультациялық қызметті орындау, орманды қалпына келтіру және орманды қорғау жұмыстарына тауарлармен, материалдармен және тиісті техникамен жабдықтау, Қазақстан Республикасының аумағында ормандарды аумақтарды барынша көбейту және сақтау және өрттің алдын алу үшін орман питомниктерін, тұрғын үй-жайларды, өрт сөндіру станцияларын, өртті бақылау мұнараларын, суару арналарын және орман питомниктері қорғандарын салу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарла-маның (кіші бағдарла-маның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 044 | | Ормандарды сақтау және республиканың орманды аумақтарын көбейту | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Операциялық шығыстарға ақы төлеуді қоса алғанда, жобаны үйлестіру жөніндегі консультациялық қызметтерге ақы төлеу. Өртпен күресу және инфрақұрылымды ұстау үшін тауарлар, материалдар және жеке жабдықтар сатып алу. Кеңселік және компьютерлік құрал-жабдықтарды сатып алу. Орман питомниктері үшін құрал-жабдықтар, тракторлар мен өсімдік отырғызатын машиналар сатып алу. Күзетуге және орман өрттерін жоюға арналған машина құралдарын және көлік сатып алу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |
| 3 | | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Операциялық шығыстарды қоса алғанда, жобаны үйлестіру жөніндегі консультациялық қызметтерге ақы төлеу. Өртпен күресу және инфрақұрылымды ұстау үшін тауарлар, материалдар және жеке жабдықтар сатып алу. Кеңселік және компьютерлік құрал-жабдықтарды сатып алу. Орман питомниктері, тракторлар, өсімдік отырғызатын машиналар үшін құрал-жабдықтар сатып алу. Күзетуге және орман өрттерін | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жоюға арналған машина құралдарын және көлік сатып алу. Өртті бақылау мұнараларын салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу. Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің біржолғы қарыз комиссиясын төлеу. Операциялық шығындарды қоса алғанда жобаны үйлестіру мен іске асыру жөніндегі жергілікті 27 консультанттың қызметтерін сатып алу. | | шаруашылығы комитеті |
| 4 | | 018 | Жобаны грант есебінен іске асыру | Саяси құқықтық, ұйымдастыру және ақпараттық құрылымды жетілдіру. Орман серіктестіктерін дамыту. Жайылымдық сексеуіл алқаптарын басқаруды жетілдіру. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жобаны үйлестіру жөніндегі консультанттардың қызметтері, сондай-ақ орман шаруашылығы секторында 100 пайызға ұсынылды, орман питомниктері үшін сатып алынған тауарлар мен материалдар, өртпен күресуге арналған жеке жабдықтар және МОТР инфрақұрылымын ұстау 20 пайызға, үйлестіру жөніндегі топтар 90 пайызға жабдықталды, 1 өсімдік отырғызатын ауыр машина, 2 өсімдік отырғызатын жеңіл машина, 3 толық еріксіз келтірілген жеңіл машина сатып алынды. Өрт бақылау мұнаралары құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу.
Түпкі нәтиже: іргелі зерттеулер, жаңғырту мен инфрақұрылымды салу және құрал-жабдықтар, тиімді орман басқару арқылы орман қорғау мен орманды қалпына келтіру бойынша шараларды күшейту.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: ертіс бойы өңірінде орманды алқаптардың 1 гектарында ормандарды қалпына келтіру құны 70 пайызға жерсілкінуімен 27 000 теңге, Қызылорда облысында 55 пайызға жерсінуімен 25 650 теңге құрайды.
Уақтылығы: іс-шараларды орындауда белгіленген мерзімді ескере отырып, кесте бойынша жоспарланған жұмыстарды 80 пайызға орындау.
Сапасы: бағдарлама аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызметтер тұтынушыларының қорытынды мөлшерін 100 пайызға деп алғанда, жобалық аумақ халқының 10 пайызға

2007 жылы мемлекеттік қызметтердің сапасына қанағаттанатын болады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 138-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 138-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған 045 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 300 000 мың (үш жүз миллион) теңге.

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысы ;»"2005-2007 жылдарға арналған»"Жасыл ел" бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 632 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ормандарды күзету, қорғау, молайту жөніндегі орман қорғау мекемелері жұмысының тиімділігі.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ- дар- лама коды | Кіші бағ- дар - лама коды | Кіші бағдар- ламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау- шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 045 | | Облыстық бюджеттер- ге, Астана | Қостанай облысы орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемелерінің | шілде- желтоқсан | Қазақстан Республика- сы Ауыл шаруашылығы министрлігі- нің Орман |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | және Алматы қалалары- ның бюджет- теріне орман- дарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі берілетін ағымдағы нысаналы трансферт- тер | материалды- техникалық базасын жарақтандыру. | | және аңшылық шаруашылығы комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Қостанай облысының орман қорғау мекемелері мынадай техникамен жабдықталатын болады: өрт сөндіру машинасы - 8 бірлік; күзет машинасы - 3 бірлік; 5-6 тонналық трактор - 3 бірлік; 3 тонналық трактор - 23 бірлік; 1,4 тонналық трактор - 5 бірлік; экскаватор - 1 бірлік; бульдозер - 7 бірлік; 3-5 тонналық самосвал - 2 бірлік; төрткорпусты соқа - 10 бірлік; дискілі мала - 11 бірлік; орман ағашын отырғызатын машина - 9 бірлік.

Түпкі нәтиже: нормативтерге сәйкес өртке қарсы техника және құрал-жабдықтармен, күзет машиналарымен, өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілу.

Қаржы-экономикалық нәтиже: ормандарды молайтуды ұлғайту.

Уақыттылығы: өртке қарсы жұмыстарды және ормандарды молайту іс-шараларын жүргізу.

Сапасы: орман өрттерінің және заңсыз ағаш кесу көлемін қысқарту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
139-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Агроөнеркәсіп кешені, су және орман шаруашылығы салаларының дамуын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету"
деген 046 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 147527 мың теңге (бір жүз қырық жеті миллион бес жүз жиырма жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19-бабы , "Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003

жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : агробизнестің тиімді жүйесін құру және ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын көтеру үшін нормативтік-әдістемелік базамен қамтамасыз ету .

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : агроөнеркәсіптік кешенді, су, орман және аңшылық шаруашылығы және ауылдық аумақтарды реттеу кезіндегі шаралар негізділік деңгейін көтеру үшін ұсынымдарды, нормативтерді, стандарттарды және әдістемелерді әзірлеу .

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р /с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 046 | | Агроөнеркәсіп кешені, су және орман шаруашылығы салаларының дамуын нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету | Ауыл шаруашылығын және ауылдық аумақтарды дамыту, су шаруашылығы, балық шаруашылығы, орман және аңшылық шаруашылығы, өсімдіктерді қорғау және карантин, ветеринария, мал шаруашылығы саласында 52 шамасындағы нормативті-әдістемелік тақырыптарды (ұсыныстар, ережелер, нұсқаулықтар, бағдарламалар, нормативтер, мемлекеттік стандарттар) әзірлеу бойынша жыл сайын қызметке ақы төлеу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29.* N 1391 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ұсынымдарды, нормативтерді, стандарттарды және әдістемелерді сатып алу агроөнеркәсіптік кешеннің, су, орман және аңшылық шаруашылығының қазіргі бар нормативтік-әдістемелік қамтамасыз етуінің рыноктық жағдайға және Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру процесі шеңберінде қажетті халықаралық талаптарға жылдам бейімделуіне мүмкіндік туғызады. Жеткізушілер әзірлеген 52 шамасындағы нормативті-әдістемелік тақырыптарды Ауыл шаруашылығы министрлігінің қабылдауы.

Түпкі нәтиже: осы бюджеттік бағдарламаны іске асыру агробизнестің тиімді жүйесін

құру және ауылдық аумақтарды дамыту үшін әдістемелік, нормативтік, құқықтық базасын қамтамасыз етеді.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: агроөнеркәсіп кешенінің, су, орман шаруашылығы және ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы бір тақырыпты әзірлеуге орта есеппен 3 миллион теңге қажет болады.
Уақтылығы: іс-шаралар жоспарында көзделген қызмет көрсетуді белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы: нормативтік-әдістемелік тақырыптың қабылдануы қазіргі кездегі агротехнологияларды және ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу технологияларын қолдануға, ауыл шаруашылығы тиімділігінің және ауылдық аумақтарға қызмет көрсетуші инфрақұрылымдардың өсуіне, ауылдық елді мекендердің экономикалық әлеуетінің өсуіне, оларды экологиялық қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.29.* N 1391 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
140-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алу және тіркеу" деген 047 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 217 601 мың теңге (екі жүз он жеті миллион алты жүз бір мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық Кодексі) 410 , 411 , 412-баптары ; "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңының 4-бабы ; "Агроөнеркәсіптік кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 14-бабы ; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі "Мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" N 467 бұйрығы ( 2003 жылдың 8 карашасында Әділет министрлігінде N 2564 тіркеуден өтті); Қазақстан

Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі»"Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық бақылаудан өткізу ережесін бекіту туралы" N 468 бұйрығы (2003 жылдың 8 қарашасында Әділет министрлігінде N 2563 тіркеуден өтті); Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы "Емтихан қабылдау және тракторист-машинист куәлігін беру ережесін бекіту туралы" N 33 бұйрығы (2003 жылдың 8 қарашасында Әділет министрлігінде N 2725 тіркеуден өтті); Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 14 қазандағы "Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдердің кепілін тіркеу ережесін бекіту туралы" N 567 бұйрығы (2005 жылдың 10 қарашасында Әділет министрлігінде N 3928 тіркеуден өтті).

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : басқару құқығына емтихан қабылдау және тракторист-машинист куәліктерін беру, сондай-ақ тракторларға, олардың тіркемелеріне , өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдеріне мемлекеттік тіркеу жүргізу жолымен жол жүрісіне қатысуға рұқсат беру жөніндегі заңнамаларда белгіленген мемлекеттік функцияларды қамтамасыз ету; тракторлардың, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерінің иелеріне қаржы ұйымдарының және екінші деңгейдегі банктің қаржы ресурстарын алуды қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : тракторлардың, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерінің иелерін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерімен, техникалық паспорттармен және тракторист-машинист куәліктерімен, машинаның кепілін тіркеу туралы куәліктермен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 047 | | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нысандардың үлгісіне сәйкес 135 000 бірлік техникалық паспорттарды сатып алу. | Наурыз - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алу және тіркеу | "Көлік құралдары және олардың тіркемелері үшін қаптамалы жарықшағылыстырғышты мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілер " 1176-2003 ҚР СТ стандартына сәйкес 148 370 бірлік мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін сатып алу .<br>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нысандардың үлгісіне сәйкес 30 500 бірлік тракторист-машинист куәліктерін сатып алу.<br>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен нысандардың үлгісіне сәйкес 12 000 бірлік машинаның кепілін тіркеу туралы куәліктерін сатып алу | | шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: тракторлардың, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерінің иелері:
- 135 000 дана техникалық паспортпен;
- 148 370 дана мемлекеттік тіркеу белгісімен;
- 30 500 дана тракторист-машинист куәлігімен;
- 12 000 дана машинаның кепілін тіркеу туралы куәлікпен қамтамасыз етіледі.

Түпкі нәтиже: Қазақстан Республикасындағы тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін жол жүрісіне қатысуы қамтамасыз етіледі.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: мемлекеттік тіркеу жүргізу үшін тракторлардың, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерінің иелері мынадай арнайы өнімдермен төмендегідей бағада қамтамасыз етіледі:
- техникалық паспорт - 228 теңгеден;
- мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі - 1210,4 теңгеден;
- тракторист-машинист куәлігі - 223 теңгеден;
- машинаның кепілін тіркеу туралы куәлігі - 36 теңге.

Уақтылығы: тракторлардың, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерінің иелеріне техникалық паспорттар, мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілер, тракторист-машинист куәліктері, кепілдік тіркеу куәлігі өз уақытында беру. Кепілдемені тіркеу туралы куәлік.

Сапасы: сатып алынатын техникалық паспорттар, кепілдік тіркеу куәлігі, мемлекеттік

тіркеу нөмірлік белгілер, кепілдемені тіркеу туралы куәліктер, тракторист-машинист куәліктері Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес болуы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
141-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Шаруашылықаралық арналар мен гидромелиоративтік құрылыстардың апатты учаскелерін күрделі жөндеу және қалпына келтіру" деген 054 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 431335 мың теңге (төрт жүз отыз бір миллион үш жүз отыз бес мың теңге) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 135-бабы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : суландыру ғимараттары мен ауыл шаруашылық су пайдалану жүйелерін қызметін жақсарту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : шаруашылықаралық каналдар мен гидротехникалық ғимараттардағы апатты аудандарды қалпына келтіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 054 | | Шаруашылықаралық арналар мен гидромелиоративтік құрылыстардың апатты учаскелерді күрделі жөндеу және қалпына келтіру | Жобалау-сметалық құжатына сәйкес гидромелиоративтік ғимараттар мен шаруашылықаралық каналдарда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу. | Наурыз - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: гидромелиоративтік ғимараттар мен шаруашылықаралық каналдардың 13 ерекше

апатты аудандарындағы техникалық жағдайын жақсарту.
Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылық су пайдаланушыларға суды тоқтаусыз беруді қамтамасыз ету.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: арықтардың пайдалы әсер ету коэффициентін 80% дейін жоғарылату.
Уақтылығы: жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын 2007 жылғы желтоқсанда аяқтау.
Сапасы: орындалған жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын құрылыс нормаларының талаптары мен ережелеріне сәйкестендіру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N № 1220 қаулысына
142-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Аграрлық ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлықтар" деген 055 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 630 мың теңге (алты жүз отыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ашқан жаңалықтары, өнер табыстары, шығарған және шығарылған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары мен мал тұқымдары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өндіру салаларындағы технологиялық және техникалық әзірлемелері үшін, сондай-ақ отандық ғылымның дамуына едәуір үлес қосқан аграрлық ғылым саласындағы республиканың ғалымдары мен мамандарын қолдау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ғылыми жетістіктері үшін ғалымдарға сыйақы төлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 055 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Аграрлық ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлықтар | Аграрлық ғылым саласындағы А.И. Бараев атындағы сыйлықтарға іздену конкурсын өткізу Заңнамада белгіленген тәртіппен. А.И. Бараев атындағы сыйлықтарды төлеу. Банк қызметтерін төлеу. Рамкаларды, дипломдарды, омырау белгілерін сатып алу. Конкурс өткізу туралы хабарландыруларды газеттерге төлеу . | Шілде - желтоқсан 2007 жыл | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: аграрлық ғылымның басым бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстардың жаңа нәтижелерін алу.
Түпкі нәтиже: талантты жастарды ғылымға тарту мақсатында ғылыми еңбекті ынталандыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: сыйақылардың мөлшері: бірінші сыйлық - 200 айлық есептік көрсеткішті, екінші - 150 айлық есептік көрсеткішті, үшінші - 100 айлық есептік көрсеткішті құрайды.
Уақтылығы: іс-шараларды белгіленген мерзімінде орындау.
Сапасы: аграрлық ғылымның дамуына үлес қосқан ғалымдарды, сондай-ақ талантты жас ғалымдарды қолдау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N№1220 қаулысына
143-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетін арттыру" деген 056 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 669359 мың теңге (алты жүз алпыс тоғыз миллион үш жүз елу тоғыз мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру жобасы) бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңы ; " Ауыл шаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттігін арттыру жобасын қаржыландыру бойынша Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінен қарыз тарту туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 854 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өндірісінің бәсекелестік қабілетін жақсарту жолымен ауыл шаруашылығы саласының экономикалық жағдайының дамуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауыл шаруашылығы білімдеріне қол жеткізе алатын және аграрлық ғылыми зерттеулердің жетістіктерін енгізу негізінде осы заманғы ауыл шаруашылығы технологияларын пайдаланатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің пайызын арттыру; жаңартылған және жаңғыртылған зертханаларға қол жеткізе алатын ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өндеушілердің пайызын ұлғайту; халықаралық стандарттарға сай келетін өнім өндіретін қайта өңдеу кәсіпорындарының с а н ы н ұ л ғ а й т у .

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *қ а у л ы с ы м е н .*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 056 | | Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілетін арттыру | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Конкурстық гранттар жүйесі (КГЖ) бойынша маркетингтік инфрақұрылымды дамыту үшін; қолданбалы зерттеулерді дамытуға арналған гранттарды үлестіру (соның ішінде Сенім білдірген институт қызметін сатып алу). Республикалық ветеринариялық зертханалар" РМҚК және "Фитосанитария" РМК теңгеріміне кейіннен бере отырып, облыстық мемлекеттік | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | зертханалар үшін құрал-жабдықтар сатып алу. | | шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Операциялық шығыстарға ақы төлеуді қоса алғанда, жобаны үйлестіру мен іске асыру үшін 18 жергілікті консуль-танттың қызметтерін сатып алу. Конкурстық гранттар жүйесі (КГЖ) бойынша ауыл шаруашы-лығы өнімдерінің имиджін арттыруға; білімді тарату және беру жөніндегі жүйені дамытуға; техноло-гияларды енгізу мен білімді таратуға арналған гранттар бөлу (оның ішінде сенім білдірілген тұлғаның қызметтері). Шетелдерде зертханалардың түйінді мамандарын қамтамасыз ету курс-тарын ұйымдастыру үшін компанияның қызметте-рін сатып алу. Ұлттық жаттықтырушылар/оқыту-шылар зертханаларының мамандары үшін ел ішінде оқыту курс-тарын ұйымдастыру үшін компанияның қызметтерін сатып алу. Зертхана әдістерін жақсарту жөніндегі 1-халықаралық консультантты тарту. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі менедж-менті жүйесін қолдану жөнінде нұсқаулық әзірлеу. Ауыл шаруа-шылығы өнімінің стандарттарын халық-аралық стандарттардың талаптарымен үйлес-тіру үшін 2 халықара-лық консультантты тарту. Техникалық регламенттер және | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | олармен үйлестірілген стандарттар әзірлеу. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін гранттар бөлу арқылы тағам өнімдері қауіпсіздігінің менеджменті жүйесін енгізу. Имидж жөніндегі науқан тұжырымдамасын әзірлеу бойынша компанияның қызметтерін сатып алу. 1-модуль бойынша ақпараттық-маркетингтік жүйе (АМЖ) бойынша оқыту курстарын ұйымдастыру жөніндегі компанияның қызметтерін сатып алу (оқып жатқандардың жолақысына, оқып жатқандардың шығыстарына және әдістемелік әдебиет пен компания қызметтеріне ақы төлеу). 1-модульді әзірлеуге жәрдемдесу және оқыту бойынша 2 жергілікті консультантты тарту. 1, 2-модульдерді әзірлеу және 1-модульге оқыту бойынша халықаралық консультантты тарту. Конкурстық өтінімдер жасау жөніндегі оқытуды ұйымдастыру үшін компанияның қызметтерін сатып алу. Конкурстық гранттарды іске асыру жөнінде оқу ұйымдастыру үшін компанияның қызметтерін сатып алу. Конкурстық гранттар жүйесі (КГЖ) бойынша кіші жобалардың мониторингі мен тиімділігін бағалау үшін компанияның қызметтерін сатып алу . Білімді тарату бойынша агенттерді жергілікті жерлерде оқыту курстары. Білімді тарату бойынша жергілікті | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жерлерде агенттерді оқыту курстарын ұйымдастыру үшін компанияның қызметтерін сатып алу . Білімді тарату және беру жүйесінің қызметін республикалық, облыстық, аудандық деңгейлерде қамтамасыз ету. Білімді тарату және беру жөніндегі нұсқаушылар мен аудармашыларды тарта отырып, 4 оқыту модулін әзірлеу және оларды қазақ тіліне аудару үшін компанияның қызметтерін сатып алу . Оқыту модулін әзірлеу үшін 2 халықаралық консультанты тарту. Білімді және конкурстық гранттар жүйесін (КГЖ) тарату бойынша жарнамалық науқан ұйымдастыру жөніндегі компанияның қызметтерін сатып алу. Білімді тарату жөніндегі пилоттық консультативтік кеңестерді қолдау. Шетелде оқуды және тағылымдамадан өтуді ұйымдастыру жөніндегі компанияның қызметтерін сатып алу (жас ғалымдарды шетелдерде оқыту, біліктілігін арттыру, ауыл шаруашылығы жоғары оқу орындары мен колледждер оқытушыларының біліктілігін шетелдерде арттыру және тағылымдамадан өткізу, білімді тарату және беру жөніндегі нұсқаушыларды шетелдерде оқыту). Жобаның басшы кеңесінің операциялық шығыстары. Жобалық ұсыныстарды бағалау үшін тартылатын сарапшылардың қызметтері. Жобаның ақпараттық-мониторингтік жүйесін (АМЖ) әзірлеу және қолдау жөніндегі компанияның қызметтерін сатып алу. Жобаның web-сайтын (Интернет) жасау және қолдау. Жобаның үйлестіру орталығының қызмет-керлері үшін кіріспе семинар және жыл қорытындылары бойынша семинар өткізу. Тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алу жөнінде конкурс-тар өткізу туралы | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | хабарландыруларға ақы төлеу. Жобаны үйлестіру орталығы үшін тауарлар сатып алу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: техникалық регламенттерді үйлестіру; облыстық және аудандық деңгейлерде білімді және технологияларды тарату мен беру жөнінде жүйе құру; гранттар бөлу. Түпкі нәтиже: көптеген азаматтардың ауыл шаруашылығы біліміне қол жеткізуі; азаматтардың халықаралық стандарттарға сай өнімдерге қол жеткізуі. Қаржылық-экономикалық нәтиже: консультанттар тобын ұстап тұру, халықаралық және жергілікті консультанттарды қызметке тарту бойынша шығындар инвестициялық жобалар бойынша бекітілген лимиттерден аспайды. Қысқа мерзімдегі жергілікті консультанттың 1 адам/ай қызметі 127 мың теңгеден, халықаралық консультанттікі - 2 286 мың теңгеден аспайды.
Уақтылығы: бағдарлама бойынша іс-шаралар осы бағдарлама паспортымен көзделген мерзімдерде жасалады.
Сапасы: көзделген іс-шаралардың 100%-дық орындалуы.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N № 1220 қаулысына
144-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін және ауыл тұрғындарын өтеусіз негізде ақпараттық қамтамасыз ету"
деген 057 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 110000 мың теңге (бір жүз он миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 6 және 15-баптары ; "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ; "

2006-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралардың бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің ақпараттық деңгейін көтеру арқылы агробизнестің жұмыс істеу тиімділігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : агроөнеркәсіптік кешені субъектілерін ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 057 | | Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін және ауыл тұрғындарын өтеусіз негізде ақпараттық қамтамасыз ету | 161 ауылдық ақпараттық-консультациялық орталық арқылы 50 мыңнан кем емес шаруа (фермер) қожалықтарына және агроөнеркәсіптік кешенінің басқа да субъектілеріне өтеусіз негізде ақпараттық-маркетингтік, анықтамалық, баға ақпараттарын ұсыну. | Наурыз - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шарушылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 50 мыңнан кем емес шаруа (фермер) қожалықтарына және агроөнеркәсіптік кешенінің басқа да субъектілеріне өтеусіз негізде ақпараттық-маркетингтік, анықтамалық, баға ақпараттарын ұсыну.

Түпкі нәтиже: агроөнеркәсіптік кешені субъектілерінің ақпараттық қызметке қол жеткізуін кеңейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне ақпараттық қызметтерді ұсынудың бір субъектіге орташа шығыны 2200 теңге, агробизнесті қалыптастыру тиімділігін арттыру және саланың табыстылығын шамамен 0,5 - 1% арттыру күтілуде;

агробизнестің қызмет аясы тиімділігін жоғарылату.

Уақтылығы: бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын белгіленген мерзімде орындау.

Сапасы: 30% кем емес агроөнеркәсіптік кешені субъектілерін өтеусіз негізде ақпараттық-маркетингтік, анықтамалық, баға ақпараттарымен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 қаулысына 145-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған "Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау жөніндегі жобаға кредит беру" деген 086 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 22073 мың теңге (жиырма екі миллион жетпіс үш мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Қарыз туралы ( Ауыл шаруашылығын екінші жекешелендіруден кейінгі қолдау жобасы) Шарт жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасында Қарыз туралы келісім (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) жасасу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 255 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : фермерлердің, ауылдық шағын және орта кәсіпорындардың, ауылдық жерлердегі бизнес өкілдерінің қаржылық қызметіне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** екінші деңгейдегі банктер арқылы жеңілдік несиелер алудағы ауыл аудандары тұрғындарының қамтылу %-ын ұлғайту; 2009 жылға дейін ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің, ауылдық жердегі бизнес өкілдерінің жобаға қатысушы екінші деңгейдегі банктердің несиелеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету; жобаға қатысушы лизингтік компаниялар арқылы лизинг негізінде жеңілдік несиелер алудағы ауылдық аудандар тұрғындарының қамтылу %-ын ұлғайту; 2009 жылға дейін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің, ауылдық жердегі бизнес өкілдерінің жобаға қатысушы лизингтік компаниялардың лизинг негізінде берілетін несиелеріне қол жеткізулерін қамтамасыз ету; ауылдық жерлердегі микроқаржылық мекемелердің қызметтерімен қамтылу %-ын ұлғайту, олардың микроқаржылық операцияларын жоғары деңгейге көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 086 | | Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау жөніндегі жобаға кредит беру | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Жобаның шеңберінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге және аграрлық сектордың басқа да қатысушыларына тікелей және лизинг негізіндегі несиелер екінші дәрежедегі банктер арқылы беру. Микрокредит беру тетігі мен жүйесін әзірлеу жолымен ауылдың шағын кәсіпкерлері мен шағын тауар өндірушілеріне микрокредиттер бөлу. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3 | | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Жобаның шеңберінде ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге және аграрлық сектордың басқа да қатысушыларына тікелей және лизинг негізіндегі несиелер екінші дәрежедегі банктер арқылы беру. | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне және аграрлық сектордың басқа да қатысушыларына 22073 мың теңге жалпы сомасына тікелей кредиттер және лизингтік негізде кредиттер бөлу.

Түпкі нәтиже: ауыл шаруашылығын коммерциялық несиелер жүйесін дамыту, микроқаржыландырудың тұрақты жүйесін дамыту арқылы ауыл тұрғындарының, шағын шаруақожалықтардың ішкі айналым қаржыларын толықтыру.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: ауыл тұрғындарына, шаруақожалықтарына, өңдеуші кәсіпорындарға, және орта кәсіпорындармен жоба аясындағы бизнес өкілдеріне, екінші деңгейдегі банктер, лизинг компаниялары және микроқаржылық мекемелер беретін несиелердің жалпы көлемін арттыру.

Уақтылығы: соңғы қарыз алушылардың қосалқы жобаларын уақытылы қаржыландыру.

Сапасы: екінші деңгейдегі банктер мақұлдаған несиелер алу мақсатындағы тапсырыстар толық көлемде қанағаттандырылады, ауылдағы микроқаржыландыруды дамыту, микронесие алған тұрғындардың пайызын арттыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
146-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде берілетін әкімшілік функцияларға ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 111 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 195808 мың теңге (бір жүз тоқсан бес миллион сегіз жүз сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жыл 10 қаңтардағы Заңы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жергілікті атқарушы органдарға жүктелген функцияларды жоғары деңгейде тиімді орындалуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : жергілікті атқарушы органдардың аппаратын ұстап тұру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 111 | | Облыстық бюджеттерге, | 280 бірлік мөлшерінде бекітілген штат саны шегінде жергілікті | Қаңтар - желтоқсан | Қазақстан Республикасы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде берілетін әкімшілік функцияларға ағымдағы нысаналы трансферттер | атқарушы органдарының аппаратын ұстап тұруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату шеңберінде әкімшілік функцияларға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер. | | Ауыл шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : жергілікті атқарушы органдардың аппаратына жүктелген функцияларды және міндеттерді уақтылы және сапалы орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1220 қаулысына
147-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2007 жылға арналған
"Электрондық үкімет құру"
деген 112 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 345054 мың теңге (үш жүз қырық бес миллион елу төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет Кодексі ; Қазақстан Республикасында "Электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесін қалыптастыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы 1627 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 654 қаулысы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру

жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : басқарушылық шешімді қабылдау және бизнесті дамыту үшін қазіргі заманғы, біріктірілген және жоғары тиімді ақпаратты ортаны ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды белсенді ынталандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстанның барлық аумағын қамтитын саланың ауқымды желін құру және алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияны енгізу есебінен, агроөнеркәсіп кешенін сипаттайтын жедел ақпаратты жинау, қайта өңдеу және сақтаудың біріккен жүйесін ұйымдастыру;

- мемлекеттік электронды қызметке және агроөнеркәсіп кешенінің ақпараттық инфрақұрылымына ауыл тұрғындарының қол жетуін қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені саласын басқару жүйесін біріккен автоматтандыруды қолданушылардың біріккен ұжымды жүйені алу және ауыл шаруашылығы өнімін өндіру саласында ақпаратты пайдалану ретінде мақсатты топтың ақпараттық ресурстарын біріктіруді қамтамасыз ету;
- аграрлық рыноктың дамуын талдау және мониторингін жүзеге асыру;
- мемлекеттік басқару органдары, агроөнеркәсіптік кешен субъектілері және ауыл тұрғындары арасындағы өзара іс-қимылының тиімділігін көтеру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 112 | | Электрондық үкімет құру | | | |
| 2 | | 100 | Агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерінің кәсіпкерлік белсенділігін арттыру | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараттық-маркетингтік жүйесінде "E-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешені салаларын басқарудың біріккен автоматтандырылған жүйесін құру:<br>"E-Agriculture" агроөнеркәсіп кешеннің салаларын біріккен автоматтандырылған басқару жүйесінің кіші жүйесін әзірлеу және дамыту;<br>пилотты аймаққа енгізу және жүйені | Ақпан - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көбейту; жүйені пайдаланушылар мен әкмшіліктерді оқыту; бюджеттік бағдарламаның міндеттерін шешу үшін есептеуіш техниканы, желілік және телекомуникациялық құралдарды, пайдаланушылар лицензиясын және бағдарламамен қамтамасыз ету үшін сатып алу. | | шаруашылығы министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық инспекцияларда - пилоттық аймақтарда» "E-Agriculture" 14-кіші жүйені 213 автоматтандырылған жұмыс орнына енгізу. Түпкі нәтиже: отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттігін арттыру.
Қаржылық-экономикалық нәтиже:
1) аграрлық азық-түлік рыноктың тауар айналымын 1,7% ұлғайту;
2) өнімді өткізу барысында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің шығындарын 3-5 % төмендету.
Уақтылығы: бюджеттік бағдарламаны іске асыру барысында шаралар Жоспарын белгіленген мерзімде орындау.
Сапасы: агроөнеркәсіп кешенінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ басқаруда қабылданатын шешімдердің сапалылығы және жеделділігі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N №1220 қаулысына
148-ҚОСЫМША

**212 - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2007 жылға арналған
"Өсімдіктер мен жануарлардың гендік ресурстарының ұлттық қоймасын салу" деген 743 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 349 мың теңге (үш жүз қырық тоғыз мың теңге).
*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабы ;»"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2006-2010 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған бірінші

кезектегі шаралар бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 наурыздағы N 149 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ауыл шаруашылығы өсімдіктердің және жануарлардың гендік қорын сақтаудың, өсімін молайтудың, кеңейтудің және пайдаланудың тиімді жүйесін жасау, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен жануарларының гендік қорын сақтауды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 743 | | Өсімдіктер мен жануарлардың гендік ресурстарының ұлттық қоймасын салу | Конкурстық құжаттамаға мемлекеттік сараптама жүргізгені үшін қызметтерге ақы төлеу. | Ақпан - желтоқсан | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.07.13.* N 597 *, 2007.11.06.* N 1052 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: конкурстық құжаттамаға мемлекеттік сараптама жүргізу.
Түпкі нәтиже: кешен құрылысын аяқтаған соң және оны пайдалануға берген соң өсімдіктер мен жануарлардың гендік қоры жүйелерін жасау.
Қаржылық-экономикалық нәтиже: өсімдіктердің жаңа жоғары өнімді сорттары мен будандарының, жануарлардың тұқымдар, сүлелері мен түрлерінің құрылынған және сақталып жатқан гендік қорын пайдалану арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Уақтылығы: шартқа сәйкес.
Сапасы: Сараптама жүргізу ережелеріне сәйкес (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 тамыздағы N 918 қаулысы).

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.11.06.* N 1052 *қаулысымен.*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК